ӘДІЛЕТ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

№13 (20). 5 мамыр, 2018 жыл | Газет 2017 жылдың 12 қыркүйегінен шыға бастады | Біздің сайтымыз: adiletgazeti.kz

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күні құтты болсын!

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАПСЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер мен мемлекеттік наградалар тапсыру рәсіміне қатысты

Рәсімге қатысушыларға арналған сөзінде Елбасы Қазақстанда Отан қорғаушы күні мен Жеңіс күнін мерекелеудің маңыздылығын ерекше атап өтті.

– Мен бүгін Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде жоғары әскери және арнаулы атақтар, сондай-ақ қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградалар тапсырамын. Осындай жоғары марапатқа еліміздің бейбіт өмірі мен тыныштығын сақтайтын әскеріміз бен арнаулы қызметтердің үздік өкілдері ие болып отыр, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев әлемде белең алып келе жатқан тұрақсыздық жағдайында мемлекеттің әскери-күш саласы ерекше маңызға ие болатынын айтты.

– Біздің әскеріміз бен құқық қорғау құрылымдарымыз ел қауіпсіздігінің берік қалқаны әрі егемендігіміздің мызғымас кепілі болып саналады. Мемлекет барша қазақстандықтардың бейбіт өмірі мен тыныштығын сақтау жолындағы сіздердің ерліктеріңіз бен қажырлы еңбектеріңізді жоғары бағалайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде әрбір әскери қызметшінің зор рөл атқаратынын атап өтті.

– Жауынгерлер әрдайым Отан үшін отқа түсуді парыз санаған. Бұл – жәй сөз емес. Біз мұны Ұлы Отан соғысы тарихындағы ерлік істерден және ата-бабамыздан қалған мұралардан білеміз. Әрқашан осылай болған және бола береді. Еліміз өз армиясы мен құқық қорғау органдарын бағалап, құрмет тұтады, сондай-ақ сіздерді адал әрі қалтқысыз қызмет етеді деп сенеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Соңында Мемлекет басшысы салтанатты шараға қатысушылардың барлығын Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтады.

Рәсім барысында II дәрежелі «Даңқ» орденімен – М.Таласов, М.Құсайынов, М.Сатов, Қ.Жақыпбаев, I дәрежелі «Айбын» орденімен – Д.Құрмашев, А.Төлеуов, II дәрежелі «Айбын» орденімен – Ж.Жақыпов, А.Калинин, Д.Пластовец, «Құрмет» орденімен – Э.Омарова, «Ерлігі үшін» медалімен – Ғ.Әлеуханов, В.Калмыков, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен – Н.Залмұқанов марапатталды.

Akorda.kz

ЕЛБАСЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕШІТКЕ БАРДЫ

Барша мұсылман қауымы үшін қасиетті Рамазан айы қарсаңында Мемлекет басшысы елордалық «Сарыарқа» ауданында орналасқан жаңа мешітке барды.

Қазақстан Президентіне мешіттің салыну барысы, сондай-ақ осы ғимаратты электр қуатымен және жылумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын баламалы энергия көздері жөнінде мәлімделді.

АНЫҚТАМА:

Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан мешіттің құрылысы 2016 жылы басталды. Жаңа мешіт қайырымдылық мақсатпен жиналған қаражат есебінен тұрғызылды. Мешіт ғимараты дәстүрлі өрнектер мен декоративті элементтер қолданыла отырып, постмодернизм стилінде салынған. Негізгі ғимарат күрделі әрі жартылай сфералық нысанды елестетеді. Оның қабырғалары үшбұрыштана сүйірленіп, диаметрі 26 метрлік күмбезбен жалғасқан. Мешіттің сыртқы дизайны гүлді әрі алмастың қырларын еске салады.

Мешіттің басты ғимаратының солтүстік жағында орналасқан мұнараның биіктігі – 43,5 метр. Ол «қалам» – «қасиетті қауырсын» түрінде бой көтерген.

Жаңа мешітті энергия қуатымен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын баламалы энергия көздері қажетті мөлшерден үш есе көп электр қуатын өндіреді. Жаңа мешіт 750 адамға лайықталған.

Мешіт ғимаратының ауданы – 2248 шаршы метр. Орналасқан жердің ауданы – 1,44 га.



Халық қаһарманы – Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

** Ерлік – тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады.*

** Өршіл рухтан – өлмес ерлік туады.*

** Белдескеннің – белін сындыр, тірескеннің – тізесін бүктір.*

** Ептілік те – ерлік.*

** Қолбасшы болсаң сондай бол – жосылып жатқан жолдай бол.*

КЕЙУАНА

немесе ***тоқсанға келген Пернекүл ана жайында***

Бүгінде тоқсанның төріне тың күйінде шығып, немере-шөбересінің алдында ойнап-күліп отырған асыл анамыздан ұзақ жасаудың сыры неде екенін білгіміз келіп, әңгімеге тарттық.

Ақ шалған самайын ақ жаулығының ішіне жасырған Пернекүл апа бір жымиып қойып, сөзін бастап кетті.

– Осы қара шаңыраққа ие болған кенжетайым Нұржан 1 жасқа толар шақта қатты ауырдым. Жолдасым марқұм болған. Бес баламен жесір қалған мен де енді кетіп қалсам, олардың күні не болмақ деймін іштей мүжіліп. Осы бала ең болмаса 18-ге келсе, алатын жанын ала қойсын жаратқан ием. Одан артығының керегі жоқ, тек ұлымның өз қолы өз аузына жетсе болғаны дегенім бар еді. Адамның айтқаны емес, Алланың дегені болады емес пе?! Қазір ойлап отырсам, құдайдан 55 жас сұраған екенмін ғой сонда.

Жолдасы 15 жасында соғысқа атанған екен. Ертерек келін алғысы келген өгей шеше Пердештің тууы туралы куәлігіне 2 жас қостырыпты. Сөйтіп оны құжат бойынша 17 жасқа келген күні-ақ соғысқа алып кетеді. Ол кісі соғыста қатты жарақат алады. Сол қолының саусақтары бүгілмейтін, бірақ он қолымен қағаз жазып, тәп-тәуір қызмет атқарған. Колхозда қойма меңгерушісі болған.

5 ➡

Сурет "Асар" мұрағатынан алынды

Ибадулла ҚАЛЫБЕКОВ:

«АСАР — БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТЫҢ ЖЕМІСІ»

3 ➡

Сарыарқаны сілкінткен сырлы сазбен

Дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Клара Төленбаеваның "Сырнаймен егіз сырлы әнім" атты шығармашылық кеші Астана төрінде жоғары деңгейде өтті

"Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді"

Григорий ПОТАНИН.

МУЗЫКА – кез-келген ұлт түсіне алатын ортақ тіл. Жүректің қылын қозғап, сырын ашатын, табиғаттың болмысын бейнелеп, тарихын жеткізетін құдіретті нәзіктік. Оның ішіндегі ұлттың ұғымына сай, мінезіне тән, өзіндік бояуы бары – дәстүрлі ән. Жаһандану кезеңіне қарамастан "Рухани жаңғырып", сананы тазартып жатқан жұртымыздың дәстүрлі ән десе делебесі қозып, рухының оянатыны бар емес пе?!

5 ➡

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ КЕЛЕШЕГІ

ЮНЕСКО деңгейінде талқыланған тарихи күн

Әлемдік ғылым мен білімнің, дүниедегі мәдениет пен өнердің ордасына айналған Парижде айтулы форум өтті.

Халықаралық Түркі академиясының ұйытқы болуымен өткен алқалы жиынды шын мәнінде күллі түркі дүниесі үшін тарихи күн деп бағалауға тұрарлық. Парижде орналасқан ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріндегі халықаралық форум «Рухани жаңғыру және мәдени мұра: қадымнан келешекке түркі тілі» деп аталған екен. Мәдени мұраны рухани жаңғырумен ұштастыруды көздеген форумға 20-дан астам мемлекеттен көрнекті ғалымдар, белгілі түркітанушылар, қоғам қайраткерлері мен дипломаттар қатысты. ЮНЕСКО деңгейіндегі мұндай алқалы басқосу несімен құнды? Осыны сараласақ.

Ең әуелі көп түркіні тұтастырар мәселелерді арқау еткен алқалы жиынның Парижде, ЮНЕСКО шеңберінде өтуіне назар бұрсақ. Біріншіден, түркілердің азаттығы үшін күрескен Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай мен Алимардан Топчубашы (Әзербайжан) осы Парижде эмиграцияда жүріп, түркі халықтары қозғалысына жетекшілік еткені әмбеге аян. Яғни, түркілер үшін тер төккен тұлғалардың бүгінгі ізбасарлары олар жүрген елге жиналып, ортақ мұратты талқылауы символдық мәнге ие. Екіншіден, ЮНЕСКО – мәдени мұраларды сақтауға, рухани құндылықтарды қорғауға ден қоятын іргелі ұйым. Осындай мекеменің штаб-пәтерінде ауқымды шара өткізу кез келгенге бұйыра бермейтін мүмкіндік. Үшіншіден, форум жұмысына Еуразия құрлығының әр түкпірінен танымал ғалымдар мен зерттеушілер жиналды. Мұның өзі жиынның салмағын танытса керек. Сондықтан да, Париждегі форумды түркі тілдерін түгендеуге бағытталған тың қадам десе де болатындай.

Мұндай алқалы жиынның Еуропа төрінде, байтақ Париж қаласында өтуінің ерекше символдық мәні туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та өзінің форум қатысушыларына жолдаған құттықтау хатында атап өткен екен. «Былтырдан бері тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы іспетті «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолға алдық. Осының нәтижесінде барша адамзат тарихымен ұштасатын тарихи-мәдени мұраларымыздың ғылыми айналымдағы өрісі кеңейді. Даңқты бабаларымыздан мирас болған рухани қазыналар халқымызды өткеннің өшпес өнегесімен қауыштырып, жарқын болашаққа жол ашты. Менің бастамаммен Астанада ашылған Халықаралық Түркі академиясы осы бағытта жемісті жұмыстар атқарып келеді. Соның бір айғағында бүгінгі форум арқылы Еуразия төсін жайлаған бауырлас елдердің ортақ мұралары кеңінен ұлықталып, еларалық, мәдениетаралық диалог одан әрі зор серпінге ие боларына сенемін» деген екен Елбасының үндеуінде.

«Осы тұрғыдан келгенде түркі әлеміне ортақ әліпби қажет. Қазіргі таңда бұл бағытта ілкімді шаралар атқарылып жатыр. Таяуда Қазақстан латын қарпіне көшу туралы шешім қабылдады. Бұл – түркі әлемін жақындастыра түсетін қадам», деді А.Женгизер.

Түркия өкілі бұл ретте бүгінгі заманда жойылып кету қаупі бар тілдер үшін ықпалдастықтың аса қажет екенін айтып, түркілік бірлікті де меңзеген. Ол мұның себебін жаңа технологиялардың жедел дамуы аз адам сөйлейтін тілдің тамырына балта шабуы мүмкіндігі бар екенімен түсіндірді. Халықаралық Түркі академиясының төрағасы Дархан Қыдырәлі өз сөзінде осыдан 125 жыл бұрын Вильгелм Томсонның түркі руна жазуын алғаш оқығанын еске салып, оның тарихи маңызына тоқталды.

«Ресейлік түркітанушы Василий Радловтың Орхон жазуларын толықтай оқу арқылы Еуразия құрлығын мекен ететін халықтың өз жазуы мен мәдениеті болғанын дәлелдеді. Күлтегін, Білге, Тоныкөк жазулары Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи секілді ғалымдардың іргелі шығармаларымен жалғасты. Сол құтты керуеннің жалғасы іспетті ХХ ғасырда Мағжан Жұмабаев пен Шыңғыс Айтматовтың туындылары

Расында форумның әлемдегі мәдени мұраларды қорғауды мұрат еткен ЮНЕСКО-да өтуі біраз жайтты аңғартса керек. Өйткені, бүгінгі ақпараттық ғасырда тілдердің жоғалуы да жылдамырақ жүріп жатқаны баршаға аян. Сондықтан да, ЮНЕСКО Хатшылығының халықаралық байланыстар департаментінің директоры Генц Сейти қазіргі таңда түркі тілдері әлемнің басқа тілдері секілді бірқатар сынақ алдында тұрғанын атап өтеді.

«Әйтсе де жаһанданудың арқасында шартараптың кез келген бұрышындағы дауыс естіледі һәм құрметтеледі. Өйткені тіл бір ұлттың әлеуметтік құндылықтары мен бірегейлігін көрсететін бірден-бір қазына. Халықтардың өзіне тән мәдени ерекшеліктері болмаған жағдайда бейбітшілік орнауы қиын. Ал әр ұлтқа тән басты бірегейлік – оның тілі. ЮНЕСКО мәдени әралуандықты сақтап қалуға арналған «Мәдениет саласындағы саясатты реформалау» деп аталатын жоба бастады. Бұл шара әлемде мәдени құндылықтарды қайта қарауға арналған», деді Г.Сейти.

Ал Түркияның ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі Ахмет Алтай Женгизер бір замандарда түркі әлемінің өзара байланысы алшақтағанымен, қазіргі таңда қарым-қатынас нығайып келе жатқанына назар аударады.

Оның айтуынша, халықтарды жақындастыруда әсіресе әліпбидің маңызы зор.

әлем әдебиетіне үлкен үлес қосты. Бұл – бізге берілген асыл қазына. Ендігі міндетіміз мәдени мұраларымызды келер ұрпаққа жеткізу», – деді Д.Қыдырәлі.

Жиынның бірінші панельдік сессиясындағы «Түркі жазба ескерткіштері» тақырыбы аясында да түрлі талқылаулар болды. Мәселен, модератор болған Ресей ғылымдар академиясы Археология институтының профессоры Игорь Кызласов түркі халықтарына тән руна жазуларының түпкі тамыры жөнінде әңгімеледі.

И.Кызласовтың сөзіне қарағанда, руна жазуы басқа әліпбилерге қарағанда түркі сөздерінің дыбыс ерекшеліктерін дәл көрсетеді. Ал Гете университетінің Түркітану департаментінің басшысы, профессор Марсел Эрдалсы фрумның түркі әлемін біріктіретінін айта отырып, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да бірлікке үлкен рөл атқаратынын алға тартады.

Профессор М.Эрдалдың айтуынша, тағылымы мол тарихқа иек артқан жаңғыру мәселесі барша түркі тілдес халықтарға қажет. Ол мұның себебін кей тілдердің жойылып бара жатқанымен түсіндірді.

«Қазіргі таңда біздің міндетіміз Еуразия құрлығындағы бүкіл түркі тілдерін тіркеп, мәдени мұрамызды келешек ұрпаққа тапсыру. Егер тілде сөйлейтін тірі жан қалмаса адамзаттың байлығы кеми түседі. Бүгінде кей түркі тілдері жойылу алдында тұр. Әсіресе, мемлекеттік тілі басқа елдерде мұндай қауіп басым», деді М.Эрдал.

Панельдік сессияның екінші бөлігі түркі тілі мен әдеби-мәдени мұраларына арналды. Онда Мағжан Жұмабаевтың туғанына – 125 жыл, Шыңғыс Айтматовтың туғанына – 90 жыл, Әзербайжан мемлекетінің құрылғанына – 100 жыл толуы аталып өтіп, осы тақырыптар төңірегінде баяндамалар жасалды. Мәселен, Қырғызстанның бұрынғы мемлекеттік хатшысы Осмонакун Ибраимов Шыңғыс Айтматов туралы кең мағлұмат берді.

Сонымен қатар ЮНЕСКО-дағы Түркия ұлттық комиссиясының президенті Өжал Оғуз, Якутияның Ұлттық ассамблеясы төрағасы Александр Жирков түркі әдебиеті жөнінде сөз сөйледі. Ал Мичиган университеті (АҚШ) профессоры Тимур Кожаоғлы Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы туралы әңгімелеп берді.

«Мағжан Жұмабаев ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының ұлы өкілі екені сөзсіз. Сондай-ақ ол барша түркі әдебиетінде ойып тұрып орын алатын тұлға. Ол ешқашан кеңестік идеологияға бой ұсынған емес. Ол жүрегінің әміріне құлақ түрді», деп тебіренді ақынның өлеңдерін ағылшынға аударумен шұғылданатын профессор.

Айта кету керек, Т.Кожаоғлының ағылшын тіліндегі «Мағжан – оттың, еркіндік пен махаббаттың ақыны» атты кітабы жарық көрген. Ол ақынның шығармаларын аударумен 1977 жылдан бері айналысып келеді. Профессор өз сөзінде Мағжанның тағы бірқатар өлеңдерін Шекспирдің тілінде сөйлететіні мәлімдеді.

Жиынның үшінші бөлігі түркі тілдерінің таралу аумағына арналды. Бұл сессияға модераторлық еткен Сүйер Экердің сөзіне қарағанда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы Қазақстан халқының асыл қазынасы іспетті.

«Мен мақаламен жақсы таныспын. Ұлттық код, сананы жаңғырту, тарихтан қол үзбеу секілді онда айтылған мәселелер қоғам болып қалыптасуға, ел болып еңсені көтеруге өте керек бастамалар. «Рухани жаңғыру» – қазақ халқы үшін ғана емес, күллі түркі әлеміне айтылған үндеу іспетті. Осындай көшбасшысы бар Қазақстанның жолы болды. Бұрын Кеңес үкіметі тұсында түркі әлемінің бетке ұстары Түркия болса, қазіргі таңда көреген көшбасшысы бар Қазақстан ту ұстар елге айналды», деді С.Экер.

Форум жұмысының аса бір ерекшелігі оның барысында жойылу қаупі бар түркі тілдерінің өкілдері өз ана тілінде ЮНЕСКО-ның мінберінде сөз сөйледі. Расында, бұған дейін олардың дауысы мұндай іргелі ұйымда естілмеген болатын. Осылайша, Түркі академиясы ұйытқы болған фрум арқылы саны аз ұлттардың үні барша әлемге паш етілді. Тілдері жойылу қаупіндегі алтай, тыва, хакас, саха, сары ұйғыр, қашқай, қарайым, гагауыз секілді бауырлас халықтардың өкілдері өз тілдерінде баяндама жасап, басты құндылықтарын сақтау, қорғау және дамыту жөнінде нақты ұсыныстар айтылды.

Айта кетерлігі, форум барысында іргелі ұйымның ресми тілдерімен қатар түркі тілдеріне де аударма жасалды. Бұл да Париж төріндегі штаб-пәтерде алғаш рет болып отырған тарихи оқиға. Ендеше, саны аз түркі халықтарының үні ЮНЕСКО-да естілген форумның жойылу қаупі туған тілдердің қайта жануына себеп болып, үміт отын жағатыны анық.

Тоқтала кететін жайт, форум жұмысы аясында түркі әлеміне еңбегі сіңген тұлғаларға құрмет те ұмыт қалмаған. Жиын басталардан бір күн бұрын қатысушылар түркі бірлігі үшін күрескен Мұстафа Шоқайдың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, Әзербайжан демократиялық халық республикасының негізін қалаушылардың бірі, туғанына 155 жыл толған Алимардан Топчыбашының Париждегі бейітіне арнайы барып, құрмет көрсеткен болатын.

Сабыр Рахымовтың ескерткіші бұрынғы орнына қойылатын болды

Генерал Сабыр Рахымовтың Ташкенттегі ескерткіші бұрынғы орнына қайта қойылатын болды. Бұл туралы Өзбекстан Республикасының президенті Шавкат Мирзиёев Наманган облысына қарасты Нарын ауданындағы жиын барысында мәлімдеді.

Аталған жиында көрші елдің Мемлекет басшысы ескерткішті орнына қайтару тарихи әділдік болар еді деген пікірін білдіріп кетті. Әрі бұл шаруаны 9 мамырға дейін бітірген дұрыс болатынын атап өтті.

Айта кетейік, генерал Сабыр Рахымовтың ескерткіші 2010 жылдың соңына дейін Ташкенттің орталығындағы Алмазар (бұрынғы Сабыр Рахымов) ауданы әкімдігі ғимаратының алдында тұрған болатын. Кейін сол кездегі президент Ислам Каримовтың бұйрығымен қазақ генералына орнатылған тас мүсін Ғафур Ғұлам атындағы саябаққа көшірілген еді.

Аудан атының өзгертілуі қоғамды түрлі пікірталас туындатып, көпшіліктің талқысына түсті. Ғалымдар мен аудан өкілдері жергілікті тұрғындардың өтініші бойынша тарихи атаудың қайта берілгені дұрыс деген пікір айтқан болатын.

Айта кетейік, Сабыр Рахымов 1902 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданы, Көкібел ауылында дүниеге келген. Әкесі ерте қайтыс болып, жас қалған Рахымовты шешесі (өзбек қызы) Өзбекстанға алып кеткен. 1922 жылы сол жақтан әскер қатарына шақырылған. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда полк, кейін дивизия қолбасшысы болды.

1941 жылы шілдеде жау қоршауын бұзып шыққандағы батылдығы үшін 2-рет Қызыл Ту орденімен марапатталып, полковник шенін алды. Оның дивизиясы Дондағы Ростовта, Кавказда ұрыс жүргізді. Беларусты, Польшаны азат етуге қатысты. Рахымов Ленин, 4 рет Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, 2-дәрежелі Суворов ордендерімен, медальдармен марапатталған. Ташкенттегі бауырластар зиратына жерленген генерал-майор Кеңес Одағының Батыры атанған.

Уфада қазақ зиялыларына ескерткіш тақта орнатылады

Башқұртстанның астанасы Уфа қаласында білім алып жатқан бір топ қазақ жастары ХХ ғасырдың басында тарихи шаһарда оқыған, еңбек еткен қазақ зиялыларына ескерткіш белгі орнатуды ниет етіп отыр.

Уфа дегенде тіліміздің ұшына ең алдымен "Ғалия" медресесі келері анық. Зерттеушілердің дерегіне қарағанда, 1906-1919 жылдары Уфадағы "Ғалия" медресесінде жалпы саны 154 қазақ ұланы білім алған екен. Олардың ішінде елге танымал Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Нұғман Манаев, Жиенғали Тілепбергенов, Ахмет Мәметов, Бекмұхамед Серкебаев бар.

"Ғалия" шәкірттері өз заманының озық ойлы жастары болған. Олар 1913-1918 жылдар аралығында қолжазба "Садақ" журналының 40 шақты санын шығарған. Медресе шәкірттері сол кездері қазақ тілінде жарық көрген басылымдардың бәріне хабарошар, мақала жазып, қазақ балаларының сауат ашуы үшін әліппе кітабын шығарды. Төңкерістен кейін оқу жүйесі қожырай бастаған тұста ел ішінде мұғалімдік курстар ұйымдастырып, Қазақ елін ағартуға белсене араласты.

Әйгілі Мұхтар Әуезов "Ғалия" медресесінде оқыған жастарды – "қазақтың ерте оянған тобы" деп бағалаған еді.

«Қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаев пен қазақ прозасының майталманы Бейімбет Майлиннің Уфадағы "Ғалия" медресесін бітіргеніне 100 жылдан астам уақыт өтті. Олардан кейін де қаншама қазақ студенті Уфа қаласында білім алды. Солардың бірі – біз. Тарихы терең қалада оқып жүріп, бір ғасыр бұрын мұнда оқыған аталарымызға ескерткіш тақта орнатуды өзімізге міндет һәм парыз деп санадық»,– дейді бүгінде М.Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің магистратурасында оқып жүрген оралдық Әли Нәби мен Айболат Серікжанов.

Қазақ зиялылары түлеп ұшқан "Ғалия" медресесі бүгінде – Ресей Ислам университеті. Ғимарат тарихи ескерткіш ретінде үкімет қорғауына алынған. Осы оқу орнының қабырғасында Шахизада Бабич, Ғалымжан Ибрагимов сынды татар, башқұрт зиялыларына арналған тақтайшаларды көріп, "біздің қазақ зиялыларына осындай тақтаны неге орнатпасқа?!" деген ой әуелі оралдық Жандос Хамзаға келіпті. Сөйтіп бүкіл қазаққа танымал Мағжан мен Бейімбеттің аты-жөні жазылған мәрмәр тақтаны Орал қаласында өз қаржысына жасатып, Уфаға алып барғанда, күтпеген қиындыққа кездескен. Яғни, мұндай тақтаны мемлекет қорғауындағы ғимарат қабырғасына орнату үшін муниципалдық биліктің арнайы шешімі қажет болатынын біздің жастар ескермей қалыпты.

«Міне, жылға таяп қалды, біз қала басшылығымен келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Өз жолымызды жөндеп, Орал қаласындағы Батыс Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан өтініш хат әкелдік. Ол хат қазір Уфа қаласы әкімдігінде қаралуда. Бұл іске тарихи ғимараттың қазіргі иесі – Ресей Ислам университетінің проректоры Мурсаль Альбертұлы барынша қолдау білдіріп отыр. Жалпы, башқұрт ағайындардың қазаққа ықылас-пейілі дұрыс», – дейді Әли Нәби.

Уфада оқып жатқан бүгінгі қазақ жастарының да ізденімпаздығына, ұлтжандылығына риза болмасқа болмайды. Студент болса да Уфадағы мәдени-ғылыми ортадағы іс-шараларға да белсене атсалысып жүреді. Олар бос уақытында Башқұртстан мемлекеттік архивінде сақталған қазақ тарихына қатысты құжаттарды зерттеп, Уфадағы көне мұсылмандар қорымынан Кіші жүздің ханы Нұралы Әбілқайырұлының зиратын іздестіріп жатыр. "Әр қазақ жоқтаушысыз қалмасын!",– дейді олар.

Материалдар inform.kz сайтынан алынды.

Ибадулла ҚАЛЫБЕКОВ:

«АСАР – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТЫҢ ЖЕМІСІ»

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған соң, бірқатар мейрамдар алып тасталды. Кейбір халықтың қолдауына ие болған, елге қажетті мейрамдардың атауы өзгертілді. Соның ішінде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 1 мамыр халықтар бірлігі күні болып бекітілді. Шынымен де, бірлігі бар халықтың тірлігі болады. Көп ұлтты елдің келісімін сақтау мақсатында 1995 жылы Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылды. Мемлекетімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өкілдері тұрады. Олардың басым бөлігі өз бетімен келген жоқ. Әр түрлі қоғамның саясатымен, патшалық Ресейдің жер аударуымен, одан кейін Ұлы Отан

соғысы уақытында Сталиннің жарлығымен келді. Кавказдағы халықтарды бір-ақ күнде жер аударып, Қазақстанға әкеліп орналастырды. Еділ бойынан немістерді көшірді. Қиыр Шығыстан кәрістерді еріксіз қоныс аудартты. Олардың барлығы осы жерге үйреніп, қазақ елін Отаным деп санайды.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей: «Біз бір ұлттың екінші ұлтқа, бір мәдениеттің басқаға ауысып жойылуына қарсымыз. Сондықтан, біз мемлекеттік ұлттық саясат туралы айтқанда, халықтар арасындағы тұрақты бейбіт қарым – қатынастың ғана сақталуын емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің өзін дамытуды сақтауды білдіреміз». Бірінші мамыр мейрамы ортақ тарих, дәстүрмен біріккен біздің көп ұлтты Республикамыз үшін ерекше қымбат.

Осындай татулығы мен бірлігі жарасқан мерекемен тұспа-тұс келіп отырған Шымкент қаласында орналасқан, бүгінде кең қанат жайып, өз бірліктерін сақтап, айрандай ұйып отырған «Асар» мөлтекауданының да қазығының қағылған күні.

«Асар» деген ерекше атқа ие болған бұл мөлтекаудан сол жерге келіп қоныстанған халықтың ортақ күш біріктіріп, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып отырғандарының нәтижесі.

Сайдың тасындай болып бой көтерген біркелкі үйлер сонадайдан менмұндалайды. Бір қарағанда мұндай екі қабатты үйлерде тек бай-бағландар ғана тұрады деп елестетеміз. Алайда «Асарда» ешқандай қалталы азаматтар емес, Өзбекстаннан атажұртқа оралған қарапайым қандас бауырларымыз тұрады екен.

Ауыл тұрғындарын көбісі дерлік иман жүзді, мейірбанды, еңбекқор жандар. Еңбекқорлығын үйлерінің жақындағы жылыжайлар айқындап тұрғандай. Күн ұзаққа еңбек етіп, сол еңбектерінен тапқан табысымен отбасын ғана асырап қоймай, көкөніспен халықты да қамтамасыз етіп отырады. «Асар» тұрғындарынан тұрып жатқан мөлтекаудандары жайлы сұрай қалсаң, басшылары Ибадулла Қалыбеков туралы тек жақсы пікірлер айтады. «Асардың» негізін қалап, кішігірім ауданға айналдырып отырған Ибадулла Қалыбеков жанын аямай, тер төгіп, банктен несие алу арқылы қандастарының тұрмыс-тіршілігін жөнге қойып отырған азамат. Содан болар жұрт оны барынша қадірлеп, сыйлап, құрметтеп отырады екен.

«Біздің жасап жатқан әрбір ісіміздің куәсі өздеріңіз. Көз алдарыңызда өздеріңіздің қолдап-қуаттауларыңыздың арқасында, міне біз бүгін осындай дәрежеге жетіп отырмыз.

Осы «Асар» мөлтекауданының алғашқы қазығы 1-мамырда қағылған болатын. Бұл да болса жақсылықтың нышаны болар, бірінші мамыр Қазақстан Республикасының бірлігі күні екенін бәріңіз білесіздер. Бұл күн біздің есімізде мәңгі сақталады, келешек ұрпақ арасында да өз жалғасын табады деген нық сенімдемін. Бұл мөлтекауданды салу оңайға соқпады. Қаншама жұмыс күштері жұмылдырылды. Нәтижесінде осындай жасыл желекке оранған қалашығымыз пайда болды. Қазақ халқында «Татулықтарың берік болсын» деген қасиетті сөз бар. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген де бар. Осылай татулығымыз ыдырамай, бірігіп, бір атаның балаларындай болып жұмыс жасасақ біздің алмайтын қамалымыз болмайды. Көрген жұрт бізге әуеспен қарайтын болады. Арамызда болатын осындай қуанышымызға бірдей сүйініп, қайғымызға бірдей ортақтаса алсақ, мұнан асқан бақыт жоқ.

Өткен жылы біздің ортамызға тағы мың отбасыдай тұрғын келіп қосылды. Ол кісілер де өз несібелерімен келді. Келген халықты жатсынбай, құшағымызды айқара ашып қарсы алсақ, біздің әрбір ісіміз құтберекеге толы болады деп сеніммен айта аламын.

Мен жақында Қытай еліне барып қайттым. Қытайда техниканың дамығаны соншалықты аумағы 300 гектар жерді алып жатқан көлік шығаратын зауыттарына бардым. 100 гектарының үстін жауып тастаған. Осы жердің 50 гектарына сырттан жан баласын кіргізбейді екен. Сол зауыттың ішін көрсем деп қатты армандадым. Бақытыма орай сол зауытқа кіру бақыты маған бұйырды. Кірген кезімде көзіме тек екі адам ғана түсті. Шыққан кезімде тағы бір екі адамды көрдім. Болды. Басқа ешкім жоқ. Қараңыз, осындай алып зауыттың ішінде төрт-ақ жұмысшы жұмыс жасап жатыр. Қалған жұмыстарының барлығын техника жасайды. Міне ғылым мен білімнің арқасы. Бір жағынан қорқасың. Бір жағынан еліңнің ілгері дамуына өз үлесіңді қосасың. Біз де осындай білімді ұрпақ тәрбиелеп шығуымыз керек. Елдің келешегі жас ұрпақтың қолында. Олардың білім алуын толық қамтамасыз етіп, жастайынан еңбекке баулысақ, нәтижесін өзіміз көреміз. Міне, менің айтайын дегенім осы. Жұмылайық, бірігейік. Сонда ғана біз өсе аламыз.

Ал, енді бүгінгі бірінші мамыр мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Іргеміз ажырамай, татулығымыз берік болсын, – дейді «АҚ ордасы корпорациясы» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Ибадулла Қалыбеков.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы бір сөзінде «Оңтүстік – қазақтың қаймағы бұзылмаған жер» деп еді. Сол айтпақшы, қаймағы бұзылмаған «асарлықтарды» біз де өз тарапымыздан мерекелерімен құттықтап, татулықтары ыдырамасын деп тілек білдіреміз.

Әділет-ақпарат.

➢ Қоғам дерті

Жер қатынастары – жемқорлық дендеген бес саланың бірі

Жер қатынастары – еліміздегі сыбайлас жемқорлық дендеген бес саланың қатарына енген. Бұл туралы бүгінгі отырыста «Атамекен» ҰКП Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңесінің мүшесі Нұрлан Құдайбергенов мәлім етті.

«Бизнес өкілдерінің пікірінше, жер қатынастары – жемқорлық дендеген сала. Оған «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының жүргізген зерттеу нәтижелері дәлел. Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясы жыл сайын жүргізетін «Сыбайлас жемқорлықты қабылдау ұлттық индексінің» қорытындысы бойынша жер қатынастары елімізде сыбайлас жемқорлық ең қатты дендеген бес саланың бірі болып танылған», – дейді ол.

Нұрлан Құдайбергеновтың айтуынша, рұқсат құжаттарын берудегі ведомствоаралық мақұлдаудың ашық жүргізілмеуі, өкілетті тұлғаның «көмегінсіз» жер мәселесі бойынша нақты әрі толық ақпаратты алу қиындығы, жер учаскелеріне құқық беруде мемлекеттік органдардың уәжсіз немесе негізсіз бас тартуы жер қатынастарында әкімшілік кедергілер тудырып, мұның соңы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне әкеліп отыр.

«ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мәліметі бойынша, 2017 жылы жер қатынастары саласында 150 сыбайлас жемқорлық қылмысы анықталған. Жемқорлық жағдайлары әсіресе Маңғыстау облысында (50), Жамбыл облысында (42), Павлодар облысында (22) тіркелген. Оның ішінде пара алу, алаяқтық, жер учаскелерін беруде қызметтік лауазымды асыра пайдалану фактілері басым», – дейді Нұрлан Құдайбергенов.

Отырыс барысында баяндама жасаған «Атамекен» ҰКП өкілі құқық бұзуға итермелейтін себептердің қатарында бос жер телімдері туралы ақпараттың болмауы, жер алу кезегінің сақталмауы барын айтады.

«Бұған қоса, жерді саудалау кезінде байқау комиссиясы құрылады. Ал, көп жағдайда комиссия құрамына мүдделі лауазымды тұлғалар ғана кіреді. Осылайша, өкілетті орган тарапынан жергілікті атқарушы органдар жұмысына деген лайықты бақылаудың болмауы заң бұзуға қолайлы жағдай тудырады. Өңір кәсіпкерлерінің әлі де бос жерлерге қол жеткізу мүмкіндігі төмен. Ал, ауыл шаруашылығына арналған ауқымды арнайы жер учаскелері игерілмей бос жатыр. Бос жер учаскелері туралы ақпаратты алу үшін агроөнеркәсіп кешені субъектілері жергілікті атқарушы органдарға бірнеше рет өтінім жасауға немесе лауазымды қызметкерлерге шығатын өзге жол іздеуге мәжбүр», – дейді ол.

Жер қатынастары мәселесін көтерген «Атамекен» ҰКП өкілдері жиын қорытындысы бойынша өкілетті органдарға орын алған мәселенің құқықтық жағын күшейту, сонымен қатар жер қатынастарындағы реттеу мен бақылау жүйесін жаңғыртуды ұсынып отыр.

Ахметжан Есімов «Самұрық-Энергоның» басшыларын жазалады

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов қордың портфельдік компанияларының басшыларымен кеңес өткізді. Жиын барысында бірқатар компаниялардың қызметі, қаржылық жағдайы және даму бағдарламаларын жүзеге асыру мәселелері қарастырылды.

Ахметжан Есімов «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры Қ. Мақсұтовты қызметінен босатуды, сонымен бірге «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы А. Сәтқалиевке сөгіс жариялауды және жылдық бонустарын алып тастауды бұйырды.

Кеңес барысында Ахметжан Есімов «KEGOC» АҚ Қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директоры А. Ботабековті тәртіптік жауапкершілікке тартуды тапсырды. Ұлттық әл-ауқат қорының басшысы IPO сәтті шығу үшін жолаушылар айналымы, кіріс және таза табыс бойынша жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуді, қоржындық компанияларда трансформациялау бағдарламасы бойынша жол карталарын бекітуді міндеттеді.

Жиын барысында қор тобындағы компаниялар қызметі бойынша басқа мәселелер қарастырылды.

Сонымен қатар, Ахметжан Есімов «Тау-кен-Самұрық» АҚ басқарма төрағасы ретінде Қанат Құдайбергеновті таныстырды.

Қанат Құдайбергенов 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін «Қаратау» ЖШС және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бас директоры қызметінде жұмыс істеді, сондай-ақ, 2018 жылдың сәуір айынан бастап «Тау-кен-Самұрық» АҚ-ның басқарма төрағасы міндетін атқарды. Сонымен қатар, Қанат Құдайбергеновке «Тау-кен-Самұрық» АҚ-ның ұйымдық құрылымын реттеу жүктелді.

Естеріңізге сала кетейік, аталмыш компанияның бұрынғы басқарма төрағасы Мәжит Тұрмағамбетовтың келісімшарт мерзімі аяқталды және одан әрі ұзартылмады.

МАЙДАННАН КЕЛГЕН ХАТТАР
сұралыл жылдардан сыр шертеді

Жат жерді жастанғанда
жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін,
ағатайым.
...Қасиетіңнен, қара өлең,
айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей
қарапайым, –
деп ақын Мұқағали қара өлеңнің құдіретін жырлап өтті.

Майданнан келген хат - бір отбасының жәдігері. Кескілескен шайқастың ортасында жүріп, ұрыс арасында, қолы қалт еткенде жанын шүберекке түйіп отырып жазған хаттар ерлердің елге деген шексіз сағынышының белгісі.

Майдан даласында өмір мен



өлімнің арасындағы арпалыста, қолы қалт етсе үйіне, ата-ана, туған-туысына амандығын білдіріп жазған сарбаздың жан сыры. Ақынжанды халықтың ұрпағы емес пе, майдандағы қазақ жауынгерлері хаттарын қара өлең үлгісінде жазған. Сұм соғыстың ертерек аяқталып, жеңісті аңсаған, жақынымен қауышар сәтті асыға күткен батыр бабалардың хаттары. Оқи отырып, туған жер мен мыңдаған шақырым қашықтықты жалғаған бір бума сарғайған қағаздан сағыныш пен қайғы-қасіретті байқау қиын емес…

«Отырар» облыстық ғылыми-әмбебеп кітапханасында соғыс даласынан жазылған хаттың бір нұсқасымен таныстым. Бұл хатты Ақылбеков Оспан әскери қызметте жүріп жолдаған.

Ақылбеков Оспан Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Зертас елді мекенінің тумасы. Колхозда бас есепші қызметін атқарған. 1939 жылы Белоруссияға, Минск қаласына армияға қызмет етуге кеткен. Екі жылдық әскерге аттанып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Елін сағынып жырлар жазады. Қиындыққа көндіккенімен, асқақ арманы жүрегіне байыз таптырмайды. Ол елге аман оралған соң, ақын болсам деп армандайды. Хаттарының барлығын өлең түрінде жазады. «Сақтап қоя беріңдер» деп аманаттайды. Хат латын әрпінде жазылады. Аман келсем, елге қызмет етемін деп армандаған боздақ 1944 жылы қаза тапқан. Кезінде хаттарын жылап оқыған туыстарының көбісі дүниеден өтті. Хаттардың кейбірі жыртылып, кейбірі жоғалып кеткен. Оспан атамыздың қарындасы Үміткүл Ақылбекова сақтап, латын әліпбиінде жазылған хатты журналист Құралбек Ергөбекке алып барады. Хатты қазақша аудартып алады. Кішкене кітапша етіп құрастырып, «Отырар» кітапханасын тапсырады.

Кітапханада "Латын әліпбиіне көшу – болашаққа бастар бағыт" деген атпен талқылаулар жиі өтуде.

2017 жылдың 13 қыркүйегі күні «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандарттарын енгізу мәселелері» тақырыбында облыс әкімі, басқарма басшылары, зиялы қауым өкілдері, тіл мамандары, түрколог-ғалымдар, жоғары оқу орындарының басшылары, БАҚ өкілдері қатысуымен кеңейтілген отырысы өтті.

Сол отырыстан соң ел ішінен латын әліпбиінде жазылған қолжазбалар жинақталды. Кітапханада латын әліпбиінде жазылған қолжазбалар таныстырылды. Сол іс-шарада «атамның жазғандары» деп, студент қолжазбаны тапсырды. Қолжазбадағы жырды оқып шықтым. Жалғасы болуы мүмкін. Себебі жауынгер атамыз өмірінің соңына дейін елге хат жазып тұрды ғой. Амандығын өлеңмен жеткізген. Сол өлеңдерден көп жайтты аңғардым. Сол өлеңдерді кітап етіп шығаруды армандаған екен. Ол арманға жете алмады. Бірақ, ұрпақтары қолжазбасын біріктіріп, кітапша етіп дайындапты.

Алғашқы хаттары 1940 жылы әскерге аттанған сәттерін суреттейді. Елден әскерге суыт аттанып кеткені, ондағы тәртіп жайында баяндап береді.

Бісміллә сөзді бастадым.
Өлеңді естелік етіп тастадым!
- деп, бастайды хаттарын ылғи.

Сан жылдар бойы сақталып, сарғайған хат өткен күннен сыр шертеді. Ол туған жерін сағынып, өз еліне жете алмай, опат болған қазақтың бір азаматының сағынышты сәлемі.

САДУАҚАС САҚЫ ДАСТАНЫ

Тұрдықұлов Сүлеймен 1925 жылы 1 қаңтарда Сарыағаш ауданы, Карл Маркс бөлімшесінде дүниеге келген. Соғыс басталғанда он алты жасқа толмағандықтан тылда қара жұмыста болған. 1942 жылы өзінің өтінішімен соғысқа аттанған. Ленинград шайқасына қатысқан. Бірнеше рет жараланып госпитальда жатқан. Әдебиетке, өнерге жақын жан соғыста ауылға хаттарын өлеңмен жолдаған. Берлинге дейін барып, елге жеңіспен оралған.

Ұлы Отан соғысында “Германияны жеңгені үшін” медалімен марапатталған. 1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін медалімен марапатталды.

Елге келгесін қажырлы еңбек етті. «Ұлы Отан Соғысы Жеңісі құрметіне» 20 жыл, «Ұлы Отан Соғысы Жеңісі құрметіне» 30 жыл, юбилейлік медальдармен, КСРО Қарулы күштеріне 60 жыл мерейтойлық медалімен марапатталады. Сарыағаш ауданында ауыл шаруашылығын өркендетуге үлкен үлес қосқан. Таскескен ауылында басқарушы қызметтерін атқарған. Жылға ауылының дамуына өз үлесін қосқан. Дарбаза ауылындағы аудандық тұтынушылар қоғамын басқарған.

Отан соғысынан елге аман оралды. Елге келіп отбасын құрған. Алты перзенттің әкесі, 2 ұл, 4 қыз өсірген.

1980 жылы дүниеден озды. Артында көптеген жазба дүниелер қалған екен. Мұқият сақтамағандықтан да барлығы бізге жетпеді.

Тек «Садуақас Сақы» атты дастаны сақталыпты. Дастанды өз қолымен көшірген. Кім жырлағаны туралы дерек сақталмаған. Дастанды оқи келе, аңыз болып тараған Садуақас сақи екендігі анықталды. Аңыз былай сыр шертеді.

Сәдуақас ата туралы аңыздардың бірінде Мұхаммед (с.ә.у) пайғамбардан бір күні бір сахаба мынадай бір сұрақ сұрапты деседі «Уа Алланың елшісі сіздің соңыңыздан ерген сахабаларыңыздың арасында кім сақы?» деп сұрағанда Алланың елшісі ойланбастан «Сәдуақас сақы» деп жауап берген екен. Сахы сөзінің мағынасы қолы ашық, мырза, жомарт, сахи деген ұғымды білдіреді. Сонда сахабалардың арасында отырған Әзіреті Әлі: «Менен өткен сақы кім болушы еді. Ислам діні жолында күрестім, жанымды аяған жоқпын, тапқан олжаны түгел соңымнан ерген сарбаздарыммен ғаріп-ғасірлерге, жетім-жесірге бөліп берумен келемін, басы артық дүние мүлік менде жоқ, дін жолында үш рет құл болып сатылдым» деп үйіне келіп Мұхаммед пайғамбардың қызы, өзінің адал жары, әрі ең жақын досы Фатима анамызға айтыпты. Әлі Шеріге осындай ойдың келгенін Алланың елшісі Мұхаммед (с.ә.у) сезген дейді. Бибі Фатима анамыз Сәдуақастың сақылығын сынамақ үшін «Әзіреті Әлі сырқаттанып қалды, соған Сәдуақастың ұлының қаны емге керек болды» деп қызметшісін Сәдуақастың үйіне жұмсапты. Бибі Фатиманың жіберген қызметшісінен бар жайға қаныққан Сәдуақас сахаба ұлының медреседе екенін айтып, шақырып келмекке ұлының соңынан медресеге барыпты. Сәдуақас ұлы Абдуллаға «Балам алдыма түс үйге қайтайық» дейді, сонда Абдулла «Әке алдымен сіз жүріңіз. Мен сізді соңымнан ертіп, әдепсіздік көрсетіп, Алла алдында күнәһар болармын» деп әкесінің соңынан ілесіпті. Үйге келгеннен кейін әкесі ұлына «Абдулла, сенің қаның науқастанып қалған Әзіреті Әліге ем үшін қажет болып тұр. Сол үшін де сені құрбандыққа шаламын» деді, тұнжыраған қалпы. Сәдуақастың ұлы Абдулла: «Әке менің қаным Әзіреті Әліге ем болуға жараса мен дайынмын. Тек сізден өтінерім менің аяқ-қолымды мықтап байлаңыз, жан шығар сәтте еріктен тыс, ықтиярсыз ышқынғанда қол-аяғымды сермеп, денеңізге тиіп кетіп жүрмесін. Көзімді де қатты таңыңыз, жанарым жанарыңызға түскенде қимастықтан жан шығуы қиын болар» деген екен.

Ем үшін құрбандыққа шалынған Абдулланың денесін ақ матамен жауып, оң босағаға қойып, Алланың ісіне шүкіршілік етіп отырған Сәдуақастың үйіне Мұхаммед пайғамбар кіріп келді – «Тағам әзірлейтін үйде ас қатықтан не бар?» – «Төрт-бес қадақ арпа бар» деді. Сәдуақас. «Онда соны қазанға салдырып ас әзірлет, бүгін кешке сіздің үйден сахабалармен келіп тамақтанамыз» деді. Кешке Мұхаммед (с.ә.у) сахабаларымен Сәдуақастың үйінен дәм татуға келді. Тамақ үстінде Алланың елшісі Сәдуақастан «Абдулла қайда, неге бізбен бірге отырып тамақтанбайды?» деп сұрады. Сәдуақас ұлының әлі сабақтан келмегенін айтты. Пайғамбарымыз оң қолын көтеріп, «Абдулла!» деп қатты дауыстап шақырды. Екінші рет тағы да шақырды. Мұхаммед (с.ә.у) үшінші рет оң қолын көтеріп «Абдулла қайдасың?» деп шақырғанда ғана Абдулла «ләппай!» деп табалдырықтан аттапты. Мұхаммед пайғамбар Абдулланы жанына отырғызып, бірге тамақтанды. Абдулладан шақырғанда неге келмегенін сұрады. «Алланың елшісі, сіз алғаш шақырғанда мен жәннәттің бағын аралап жүр едім. Екінші шақырғаныңызда пейішті қимай артыма бұрылып қараған едім. Міне, үшінші шақырған дауысыңызды естіп келіп тұрмын» депті. Сәдуақас сахаба осының бәріне ризалықпен қарап, Аллаға шүкіршілік, тәубә келтіре білгендігі үшін де, Алланың әмірімен болған жалғыз ұлы Абдулланы құрбандыққа қиғандығы үшін де Сәдуақас сақы атанған. Соның бәрін көзімен көрген Әзіреті Әлі райынан қайтып, Сәдуақастың сақылығына шүбәсіз сенген екен дейді аңыздың сарыны.

Сәдуақас сақы туралы аңыз бар, жыр дастандары жойылып кеткендігі жайлы баспасөзден оқыдық. Тұрдықұлов Сүлеймен осы жырды өз қолымен көшірген. Дастанды Сүлеймен атаның ұлы Бақыт Тұрдықұлов сақтаған. Біз қолжазбаны қағазға түсіріп, әдеби мұраны қолжазбалар қорына ұсынып, келешекте баспадан шығады деп үміттенеміз.

Зылиха ЖАНТАСОВА,
филология ғылымдарының
кандидаты.

Қазақстандық қысқа метражды фильм Германиядағы кинофестивальде көрсетіледі

Отандық "Хат" фильмі Оберхаузен кинофестивалінің негізгі байқауына іріктеліп алынды

Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" АҚ қарасты "Дебют" шығармашылық-өндірістік бірлестігінде түсірілген "Хат" фильмі Германияда мамыр айының 3-і мен 8-і аралығында өтетін 64-ші халықаралық "Оберхаузен" қысқаметражды фильмдер кинофестивалінің (Internationale Kurzfilmtage Oberhausen) негізгі конкурстық бағдарламасына іріктеліп алынды.

"Қазақфильм" АҚ баспасөз қызметінің хабарлауынша, жас режиссер Әділ Мұсатаев түсірген дебюттік картина анасына хат жазуды армандап жүрген балалар үйінің тәрбиеленушісі туралы баяндайды.

"Фильмдегі оқиға шынайы өмірден алынған. Бұл оқиға Өскемен қаласындағы балалар үйінде болған екен. Осы оқиғаны танысымнан ести сала, дайын драматургияның бар екенін аңғарып, оны кино тіліне салып көрмек болдым. Осындай белді кинофестивальде фильмнің тұсауы кесілетініне өте қуаныштымын", - деді режиссер Әділ Мұсатаев.

"Оберхаузен" кинофестивалінің ресми сайтының мәліметі бойынша, биыл фестивальдің негізгі халықаралық байқауында 33 елден 53 қысқаметражды фильмдер көрсетіледі. Олардың арасында АҚШ, Қытай, Мысыр, Аргентина, Бразилия, Үндістан, Франция, Жапония, Ресей, Қазақстан, Финляндия және тағы да басқа елдерден фильмдер бар. Жалпы осы байқауға 6000-ға жуық фильмдерден тапсырыс түскен.

Алпыс жылдық тарихы бар "Оберхаузен" халықаралық қысқаметражды фильмдер кинофестивалі қысқа метрлі фильмдерге арналған ең ірі байқаулардың бірі (1954 жылдан бері өткізіліп келеді). Әлемде өтіп жатқан қысқа метражды фильмдерге арналған бұл байқау күллі әлемнен келген киногерлерге кино төңірегінде әңгіме құрып, оны талқылауға, жаңа трендтер мен есімдерді ашуға кең мүмкіндік беретін бірден бір фестиваль. Дәл осы фестиваль арқылы кезінде Мартин Скорсезе, Джордж Лукас, Роман Полански сынды басқа да кино майталмандардың жұлдызы жанған.

Қазақстанда неміс тұтқынында жоғалып кеткен сарбаздардың дерекқоры құрылды

Онда Екінші дүниежүзілік соғыстың 60 мыңнан аса әскери тұтқынына қатысты ақпарат қосылған, олардың басым бөлігі неміс тұтқынында қайтыс болған

Ішкі істер министрлігінің ведомстволық порталында Ұлы Жеңіс күні қарсаңында "Ұлы Отан соғысының әскери тұтқындары" атты сервис ашылды. Оған Ұлы Отан соғысы кезінде тұтқынға түскен бұрынғы әскери тұтқындар және Германиядан қайта оралған бұрынғы КСРО азаматтары туралы ақпарат орналастырылған, деп хабарлайды BNews.kz ҚР ІІМ баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Сонымен қатар, "Ұлы Отан Соғысының әскери тұтқындары" базасына соғыс кезінде тұтқынға түскен кеңес солдаттарының фильтрациялық істерінен және трофейлік карточкаларынан алынған мәліметтер қосылған. Сондай-ақ, аталған базаға Екінші дүниежүзілік соғыстың 60 мыңнан аса әскери тұтқынына қатысты ақпарат қосылған, олардың басым бөлігі неміс тұтқынында қайтыс болған.

"Ұлы Отан соғысының әскери тұтқындары" сервисіне әскери тұтқындар туралы мынадай деректер қосылған, атап айтқанда, олардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, ұлты, туған жері (республика, облыс, қала, ауыл), соғысқа дейін тұрған жері, жұмыс орны және лауазымы, әскери атағы, қашан және қайдан шақырылды, әскери бөлімнің атауы және лауазымы, тұтқынға алу уақыты мен жері, тұтқында болған жері, мұрағаттық іс нөмірі.

Әскери тұтқындар туралы мәлімет алу тұтқында қайтыс болғандардың туысқандары үшін маңызды ақпарат болып саналады. Сонымен қатар, мұндай тарихи деректер Ұлы Отан соғысы тарихының ақ парақтарын толықтыру үшін тарихшыларға, өлкетанушыларға, журналистерге қажет.

ІІМ порталындағы "Ұлы Отан соғысының әскери тұтқындары" сервисі біздің республиканың ғана емес, сондай-ақ таяу және алыс шетелдің азаматтары үшін ізденіс алады деген үміттеміз.

Цифрланған әскери тұтқындар деректер базасын құру, оны жариялау тарихи әділеттілікті қалпына келтірудегі игі іс болып табылады.

BNews.kz

Сарыарқаны сілкінткен сырлы сазбен

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сырнай мен күміс көмейдің үндесуі қандай ғажап еді. Әсіресе Біржан сал мен Иманжүсіп, Жаяу Мұса мен Мәди, Үкілі Ыбырай, Майра, Естай мен Нартайдың мұраларынан сусындап, шөл қандырудың ләззаты бір бөлек. Хәкім Абай: "Әннің де естісі бар, есері бар..." – деп, айтқан еді. Біз жақында құлақтың құрышын қандырған есті әндер шеруін көрдік. 2018 жылдың 13 сәуір күні Астана концерт залында дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Клара Төленбаеваның "Сырнаймен егіз сырлы әнім" атты шығармашылық кеші өтті.

Дәстүрлі әннің дәмін талайға таттырып, өрендерге өнер құдіретін танытып жүрген хас талант Клара Төленбаеваның кешіне дәстүрлі әннің көрнекті өкілдері, ақындар және дарынның шығармашылығына сүйсінген ән сүйер қауым жиналды. Мемлекеттік күзет қызметінің Президенттік оркестрінің сүйемелдеуі арқылы "Бұлғын сусар" биімен ашылған кеш шымылдығы Клара Төленбаеваның орындауындағы халық әні "Ақ дариғамен" жалғасты.

Халықтық әндердің өзгелерден ерекшелігі оның мән-мағынасында. Кеш барысы одан әрі "Ей, Қалқа", "Арман-ай" әндерімен өрнектеліп, түркі тілдес туысқан халықтарының оның ішіндегі Қырғыздың "Сарыой" және татардың "Ғалия Бану" әні көпшіліктің көңілін бір серпілтіп тастады.

Ине шаншар орын болмаған концерттің келесі кезекті әуені Ноғай халқының "Қаңлы" әні болды. Сонымен бірге, Клара Төленбаева сахна төріне Аламан тобымен қоса Досымжан Таңатаров пен Нұрболат Құсайыновты шақырды. Халықтың толастамаған қол шапалағы олардың өнер иелеріне деген ыстық ықыласын танытқандай.

Нұрсаматымыз азамат болып алдарыңызда алғаш өнер көрсетуге шықты – деп, отбасылық өнер өрісінің кеңейгендігін жеткізіп, отбасымен "Аққу арман" әнін орындады. Сонымен қатар кеш қонақтары ретінде Өмірқұл Айниязов "Байтақ елім" әнін, Қарақат Әбілдина "Ал құрбым" әндерімен көрерменге шашу шашты. Кеш мәресіне жеткенде Клара Төленбаева «Ата-анам», «Жанай керім», «Сені ешкімге бермеймін» туындыларымен кеш көрермендерімен сусындатып, «Байжан» тобымен "Қос жүрек" және «Жібек сезім» сонымен бірге "Мың алғыс айтам саған, Қазақ елі" әндерімен аяқтады.

Көңілді кеш аяқталған тұста кеш қонақтарының

Кеш кейіпкері Клара Төленбаева өз сөзінде ұстаздары Қайрат Байбосынов пен Бекболат Тілеухановтардың қазақтың ән өнеріне қосқан өлшеусіз үлестерін айтса, кеш жүргізушілері сахна төрін әншінің шәкірттеріне ұсынды. Ұшы-қиыры жоқ кең даланы, гүілдеп ескен самал желдің салқынын, Сарыарқаның сұлулығын сырнаймен жеткізген шәкірттері халықтың әнге деген сағынышын басып, құмарын қандырды.

Керемет кештің қызған сәтінде Клара Төленбаева сырнайдың сырлы әуезімен: "Нартай" мен "Ақ қайың", "Майра" мен "Әдемі қыз" "Бұлбұлым", "Қырықта дәнеңе жоқ" әндерін орындап, халықтың шынайы қошеметіне бөленді.

Сахна қасиетті. Сахнаның киесін өнердің жүйесін түсініп, тереңіне бойлай алғандар ғана түсіне алады. Көптеген жылдар бойы халық әндерін насихаттаудан танбай жүрген Клара Төленбаева кеш барысында Теміржан Базарбаев, Мәдениет Ешекеев, Болат Сыбанов, Тұрсынғазы Рахимов бірсыпырасынан алған әсерлерімен бөлісуді сұраған едік.

Бекен ШОЛАНОВ, журналист, публицист:

– Бүгін өзімізді қазақ сезініп қалдық. Басынан аяғына дейін халық әндері болды. Ұлттық болмысымызды биікке көтеретін керемет әндер айтылды.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ, журналист, жазушы:

– Жаһандану заманында құндылықтарымыздың асқақтағаны жақсы. Бүгін бабалар сазынан бері тартқан әуездерді, әндерді тыңдадық. Нартай, Майралардың мұраларын тірілтіп, насихаттап келе жатқан бірден бір өнерпаз Клара деп білемін.

Роза МҰҚАНОВА, жазушы, драматург:

– Қазақ руханиятында өзіндік орны бар әнші деп айтуға болады Клара Төленбаеваны. Өзіндік қолтаңбасы, өзіндік ерекшелігі бар, өзіндік мәнері бар. Мен болашақта Клара Төленбаеваға шығармашылық табыс тілеймін.

сынды қазақ ән өнерінің абыздары шыққан Семей өлкесіне деген, дәлірек айтқанда туған жерге деген махаббатын Болат Сыбановтың «Жайна,Семей!» әнімен жеткізді.

Кеш келесі бөліміне ойысты. Ән жүрген жерде поэзияның бой көрсетуі заңдылық іспеттес. Одан әрі Мұқағалидың қазақ сахнасындағы келбетін сомдап, көшін жалғап жүрген таланттылардың бірі Жанқалдыбек Төленбаев мұзбалақ ақынның өлеңдерінен оқып, көңілді кешті поэзиямен әрледі.

Қазақта "Ұстаздан шәкірт озар" деген асыл сөз бар. Өнер атты қиын да киелі жолдың бір ұшын ұстап жүру кез-келгеннің еншісіне тие бермейтін бақ. "Ұстазы жақсының, ұстанымы жақсы" дейді. Өнерде Клара Төленбаеваның өзіндік ұстаным қалыптастыру ісінде қолтаңбасы бар ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, дәстүрлі әнші Бекболат Тілеуханов та сахна төрінде өз ойын білдіріп өтті.

Ол өз сөзінде: "Бүгін шәкіртім Клараның кеші болғанымен, менің тойым болып жатқандай сезімдемін. Клараның өнер көрсеткен шәкірттері менің де шәкірттерім сияқты. Клараның әрбір жетістігі үшін қуанып отырамын" – деп, өтіп жатқан кешімен құттықтады.

Ән өнерінің отбасылық құндылыққа айналуы өнердің ұлылығын паш ете түседі. Концерт барысында Медет Салықов: Біз бұрын сахнада төртеу едік. Бүгін бесеу болып шығып тұрмыз. Кішкентай

Аманжол ӘЛТАЙ, филология ғылымының докторы, профессор:

– Бүгін елордамыз Астананың төрінде, Есілдің жағасында Клара Төленбаеваның кешінен керемет әсер алып, көңіліміз марқайып, үлкен өнер мерекесіне куәгер болдым. Қазақтың дәстүрлі ән өнерінің туын көтергендерінің ішінде Клараның орны ерекше. Кешегі Майра апамыздан қалған сырнайдың үнін тәуелсіз Қазақ елінде қайта жаңғыртқан тұлға.

Камалхан ТОҚТАҒАЗИНА, Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының мұғалімі:

– Күміс көмей әнші Клара Төленбаеваның концерті өте тамаша өткеніне қуаныштымыз. Қазағымыздың жауһар әндерін естіп, көңіліміз бір марқайып қалды.

Қалқаман САРИН, ақын:

– Бүгін мағынасыз кештерден жалыққан жұрттың жан дүниесін емдеген әсерлі концерт болды. Сол үшін Кларағa алғыс айтамыз.

Сара ТОҚТАМЫСОВА, айтыскер ақын:

– Клара Төленбаева қазақ сахнасындағы саф өнердің иесі. Бүгінгі кештің жоғарғы деңгейде өткендігі халықтың қошеметінен анық байқалды. Ән әлемінде мәртебесі зор болсын.

Жанұзақ ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ, ЕҰУ студенті

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жап-жас ұл майданда жүрген кезінде екі мәрте «өлді» деген қара қағаз келген. Алғашқыда барлығы қайғырып, асын өткізіп қойғаннан кейін екіншісі келгенде «Осы кісі тірі-ау» деген жылы ой жылт етеді қарындасының санасында. Ағасының амандығын тілеген қыздың ойы шынға айналды. Пердеш елге аман оралды, Пернекүлмен көңіл жарастырды. Өмірге бес перзент келді.

– Өгей ененің қолына түстім. Оның «қыспағын» біраз көргенім бар. Жолдасым жайылымға, мал ауылдарға кеткенде, менің хәлім мүлдем мүшкіл болатын. Кейде үйге кіргізбей қоятын. Ондайда далаға түнеген кездерім де болды. Ауылда қазақтар өсекке іліндіріп жібереді деп, қарашайлардың үйіне баратыным есімде. Есесіне, марқұм атам өте жақсы кісі еді. Бірақ, инсульттан кейін аяқ-қолы кішкене салданған, жарымжан болатын. Тілі де күрмеліңкіреп анық сөйлемейтін. Таяғын сілтеп, маған түсіндіреді. Сондағысы түнде қайтып кел, есіктің ілгегін ашып қоямын дегені. Солай болды да, бірақ оны біліп қойған енем, тіпті құлып салып қоюға көшті. Бірақ соған төздік қой. Таңертең малды жайғап, баудағы жоңышқаны шалғы орақпен орып тастайтынмын. Әлима есімді абысыным бар еді. Екеуміз таңғы бесте отын

КЕЙУАНА

немесе

тоқсанға келген Пернекүл ана жайында

жинауға барамыз. Бірде таң әлі ата қоймаған, алдымыздан бірдеңе қараңдады. Қайынағалардың бірі ме екен деп, сәлем салғаным бар. Сөйтсем, жиналып тұрған тезек екен. Абысынымның әбден күлгені бар. Қусирақтарға осылайша сыйғанмын, шырағым. Түлкібастың «Балықшы» деген ауылынан едім. «Қызылтуға» келін болсам, арамыз 15 км. Бірақ төркінге барып, әкемізге шағым айту дегенді мүлдем білмегенбіз. Ұрпақ әкелмеген соң, төркінге не бетіммен барамын деген ұғым да бар еді ойымызда және дәстүрімізде төркінге шілдеханадан кейін ғана рұқсат берілуші еді ғой. Алғашқы перзентіміз Жүрсінкүл де кешігіп, 5 жылдан кейін келіп, шаңырағымызда сәби үні естілді.

Өкіметтің жекеменшіктегі мал санын азайту керек деген бір саясаты болды 60-жылдарға таман. Сол тұста қолдағы бар малды сатып, соған «Қарасудан» кішігірім үй алып, ата-енеден бөлек шығып кеттік. Қыздардан кейін үш ұл келді өмірге. Бірақ шиеттей бала-шағаның ортасында жалғыз өзім қалдым. Соғыстан қалған денедегі жарықшақтың кесірінен Пердеш әке о дүниелік болды. Жұбайымның бір қолы жарымжан болған соң, үйдің де, түздің де қара жұмысын өзім атқардым. Одан кейін жесірлік, шиеттей балашаға. Қара жұмысты қырып тастайтынмын, жасымның ұзақ болуына сол әсер еткен шығар деймін кейде. Тынымсыз қимыл-қозғалыс деген жақсы ғой тірі жанға.

– Әкем 6 жасымда қайтыс болды. Ол кісімен мен көп дидарластым дей алмаймын. Қызметте жүрді, мен жас болдым. Анамыз бір сөзінде айтып еді. Орманның ішінде батпаққа батып бара жатқанында оның «көмектесіңдер» деген айғайын естігендер шығарып алыпты. Ржев қаласында қан майданда болған әкеміздің артынан екі рет қара қағаз келсе де, жарақатымен аман оралды. Кейін интернет арқылы базаларды қарастырып көрдім. Ржев қаласында 1941-1942 жылдары соғыста қаза тапқандар тізімінде әкем Қазыбеков Пердеш Раимбердіұлы да бар, – деп еске алады ұлдың үлкені Талжан ағамыз. – Ал анамыз «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» өсірді. 3 сыныптық білімі бар, әріпті ғана танитындай десек те, колхозшы болып, кетпен шапты. Үлкен бейнетпенен күн кешіп, бізге дұрыс адам болуды, сабақты жақсы оқып, білімді болуды үйретті. Мен орыс сыныбына барамын дегенмін, кітаптарым да дайын-тын. Оңалтай Марин деген мектеп директорының орынбасары анама «Баланды орысшаға беруші болма. Ертең тәрбиесі ақсап қалады. Сен өзің жалғыз бастысың» деп, кітаптарымды қазақ тіліндегісіне алмастырып берді. Сол кісінің тағы ұлылығын айтқым келіп отыр. Оның баласы екеуміз мектеп бітірерде алтын медальға үміткер болдық. Менің шығармама 4/5 деген баға қойылып, ілінбедім. Сонда Оңалтай ағайым: «Талжан алмаса, менің балам да алмайды алтынды» деп кесіп айтты. Бұл істе оның ұлының әлсіздігі емес, маған әділетсіздік жасалғанын мойындағанын ұқтым. Себебі, мектеп директоры менің анама алтын медальдің құны бір сиыр деген екен...

– Иә, санасы бар бала өзі тартады бір айтқаннан. Баланы ұрып-соғып тәрбиелей алмайсың, дұрыс жүріндер, сабақ оқыңдар деймін. Өзгенің ала жібін аттамауға үйреттім. Мектепке барған сайын марқайып қайтатынмын, – дейді сонау жылдарды еске алған асыл әже. – Үлкен қыз Отырар ауданына қыпшақтарға тұрмысқа шыққанда құдамыз бәріміздің алдымызға жылқы, ірі қара мал атап шыққаны бар. Айналайын, құдам, қызымды малға айырбастап жатқаным жоқ, мұның не? «Алмақтың да салмағы бар» дегендей десем, «Құдағи, дүние ешкімге жолдас болған емес. Бұл да болса қызыңыздың несібесі деп қабылдаңыз» дегені. Осылайша түсінігі мол, жақсы жерлермен жекжат болдым. Сол Рамаш құда айтқандай бес перзентімнің өз несібесі өзіне жетіп жатты. Екінші қызым еркелеу еді, ол да барған жеріне «судай сіңіп, тастай батты». Осы Талжанымды «Сандықтың кілтін тапсыратын келін әкел» деп асықтырғаным рас. Бекжаным Челябинскіде оқыды. Сүйгенін сол жақтан алып келді. Татар құдаларға да дән разымын. Кезінде жолдасымның інісі осы Челябинскіде әскерде болып, татар қызына үйленгісі келгенде Пердеш қарсы болып, алдыртпаған еді. Құдайдың құдіреті, өз баласы татардың қызы Венераны әкеліп, сол жаққа құдалыққа бардық. Талжанымның арқасында Мәскеу мен Ленинградты көрдім десем, әлгі татар келінім Венерам осыдан он жыл бұрын Меккеге апарып келді. Қара шаңырақта қалатын келінді де өзім таңдадым. Қос бұрымын тоқпақтай етіп өріп алған ару көзіме түсті. «Түсі игіден түңілме» дегендей, Қалимам күніме жарап отыр қазір. Кенжетайым Нұржанымнан айырылып, еңсем езіліп қалғаны...

– 2005 жылы Елбасының сайлауынан кейін «Ал айналайын, балам, Ақ патшаларынды таққа отырғызғандарың құтты болсын» деп ерекше бата бергені бар анамның. «Назарбаев осы шырылдап айтып жатады жанайқайын. Осы елдің жақсы, ынтымақты, аман болуын тілеп жатыр» деп, Назарбаевқа анамыз өзінің ерекше ықласын білдіріп отырады, – дейді Талжан Пердешұлы.

– Назарбайыма рахмет, Назарбайым осы балаларымның барлығына жағдай жасап отыр, – деді көпті көрген көнекөз кейуана бізге де. Тоқсан жылдық өмірінде қос ғасырдың қилы-қилы тағдырын басынан өткізген асыл анамыздың бүгінгі тәуелсіз еліміздің басшысына деген ыстық ықыласы осы болса керек.

– Ұзақ жасағанның ең қиыны – дидарласатын қатарыңның болмауы екен, – дейді Пернекүл апа. – Балалар, немерелер өз тіршілігімен жүр. Ойындағы әңгіменді бөлісетін адам жоқ. Той, құдалық дегендерге бара қалсаң, туыстармен кездесіп, шүйіркелесіп қалатының жақсы. Қатарым азайды, бір ортаны аңсап отыратыным рас. Нұржаным ерте кетіп қалды, соған өкінемін. Құдай мені алуы керек еді. Тағдыр шығар. Күз түсіп, қыс келе жатса, осы қыстан аман шығайын деймін. Неге? Ана жаққа қыс ауасында кетсем балаларым әбіржиді ғой, күннің жылысында барсам деймін жолдасымның артынан.

Міне, ананың жүрегі қандай?

– Балам, дүниеге құмар болма, 40 жастан кейін өз несібелерің келе береді. Дүние – қолдың кірі дейтін анам бұрыныракта бизнеспен айналысқан кезімде. Қазір отыздан аса шөбересі бар. Бәріне ақ батасын беріп, айналып-толғанып отырғаны сол.

Жолдасы Пердеш өмірден өткенінде сары ауру болып, 2 ай ауруханада жатқан кезінде елдегі абыройлы абысыны:

– Айналайын Пернекүл, түс көрдім, ауылдың ортасынан өтіп бара жатқан ақ боз атты Қыдыр ата сенің шаңырағыңа келіп тоқтады. Бұл үлкен жақсылық пен берекенің нышаны, шаңырағыңа алланың нұры жауады, құдай қаласа, – деген екен.

Шынында да балалары оқыды, азамат болды, жетілді, өсті, өнді. Бұдан асқан қандай береке керек?! Тоқсанның тұғырына сұңғақ бойын тік ұстап шыққан Пернекүл Райымберді келінінің берекелі шаңырағына біз де бақыт тіледік.

Гүлжан ЕЛІБАЙҚЫЗЫ, журналист.
Түркістан қаласы.

P.S: *Осыдан он жыл бұрын сексенге келген анамыздың мерейтойына арнап журналист Қуанышбек Ботабеков «Ананың аялы алақаны» атты кітабын шығарған еді.*

БЕКБОЛАТ ӘШЕКЕҰЛЫ –

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы, Алматы облысының Құрметті азаматы

Халық қиналғанда қаһарманын табады. Табанының бүрі, жүрегінің түгі бар рухы берік, ел намысын қорғай білген жан ғана ту ұстап, жанын шүберекке түйіп, қол бастайды.

Бекболат Әшекеев жайлы маған алғаш жан-жақты айтып таныстырған белгілі журналист Есберген Естаев деген ағамыз еді.

1971 жылы Есберген Естаев ағамыз Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» газетінің редакциясына келіп, бізбен әңгімелесіп, өзінің жаңа шыққан «Өмір өткелдері» деген кітабын сыйлаған болатын. Сонда «Ел ауырын ер көтереді» деген тақырыппен Бекболат Әшекеев жайлы біз біле бермейтін тың деректер жариялапты. Есберген аға өте білімдар, ізденімпаз, архивпен жақсы жұмыс істейтін, ел ішіндегі әңгімелерді жазып алып жүретін алғыр журналист еді. Мен кейін ол кісімен, көп әңгімелесіп, сырласып жүрдім.

- Бекболат Әшекеевті Үшқоңырда 1916жылы хан көтергенін сен білесің бе? – деп мені таң қалдырып, бар жағдайды айтып берген. Ол кезде ондай жағдайды атқызбайтын да жазғызбайтын да.

Екінші бір ерекше айтар нәрсе – Бекболат жайлы жыршы, термеші Хамза қажы Екейбаевтың атқарған орасан игі ісін ерекше атап жүруіміз керек.

Бірде ол кісі маған телефон соғып, тез осы 1 май ауылындағы үйіне келіп кетуімді өтінді.

Дереу келсем, Хамза қажы ағам былай деді:

– Түнде түсіме Бекболат батыр Әшекеұлы кірді. Мен елім үшін шаһид болдым, асым берілмей қалды ғой. Хамза балам, саған сол аманат! – деп ақ сақалы желбіреп, маған батасын берді. Үш ат ерттетіп дайындап қойдым. Жүр Бекболат батыр қол жинап, шайқасқан Үшқоңырға шығып, аралап қайтайық – деді.

Не керек, содан Хамза қажыда тыным болмады. Мен екі ай орталық архивте отырып Бекболат Әшекеев бастаған Үшқоңыр көтерілісі жайлы материалдар жинап, «Егемен Қазақстан» газетіне мақала жарияладым.

1май ауылы тұрғындарын жинап Хамза қажы Екейбаев осы ауылдың атын «Бекболат» деп атау жөнінде ұсыныс түсіріп, хаттама алып, облыс әкіміне кіріп жүріп, ол жақтан Республиканың ономастика комиссиясына хат жібергізді. Хамза ағам тікелей өзі сөйлесіп, мені Астанаға жіберді. Тек осы мәселемен ғана сол кездегі мемлекеттік хатшы, атақты жазушы қайраткер Әбіш Кекілбаевтың қабылдауында екі мәрте болдым.

Ақыры 2000 жылы 1май ауылына Бекболат есімі берілді. Ауыл жанына 10 киіз үй тігіп, 10 жылқы сойып Бекболат батыр Әшекеұлына ас беріліп, құран бағыштап, құрбан шалынды.

Міне, ел-жұрт бүгін Бекболат атындағы саябағын ашып, еске алып отырған Бекболат Әшекеұлы кім?

Ата шежіреге үңілсек ол ырысты қалың Дулат, оның, ішінде Жаныс, одан Жайлымыстан шыққан Есенқұл батырдың ұрпағы.

Есенқұл жауға шапқанда он ұлы бірге аттанады екен. Есенқұлдың он ұлы: Бигелді, Баубек, Дайырбек, Бидайбек, Сайбек, Тойынбек, Ақылбек, Бибек, Нүсіпбек, Айдарбектер ешкімге есесін жібермеген көкжал текті батыр, алғыр болып өседі.

Дайырбек дәулетті, сәулетті болады, одан тоғыз ұл туған. Әшеке төртінші ұлы екен. Жасынан барымтасыдырымтаға бүкіл қырғыз-қазаққа жаужүректілігімен аты шыққан сайыскер, барымташы екен. Тезек төреден де, Қоқан хандығынан қаймықпай тіпті солардың кейбір жүйріктерін, топтобымен айдап әкеп Үшқоңырдың жықпыл-жықпылына сүңгітіп жіберіп, ұстатпайды. Тікелей тиісуге қара ормандай жаужүрек ел-жұртынан сескенген қоқан бектері алдап қонаққа шақырып алып, үзеңгісіне у жағып жібереді. Содан Әшеке орта жолда Шу өзеніне жеткен жерде қаза табады. Сонда уы бойына тарап, ісіп-кеуіп жатқан Әшеке айтыпты:

- Менің атымды түбінде Бекболатжан шығарады, соның төңірегінде болыңдар, депті өлерінде.

Әшекенің Тұрысбек, Әменбек, Құрманбек, Бекболат, Албан, Пәзілбек секілді ұлдары шетінен өнерлі, он саусағынан өнер тамған ұста болған.

Бекболат Әшекеұлы 1843 жылы осы Үшқоңыр тауында туған. Ол жасынан арабша оқыған, сауатты, көзі ашық, билікке араласып би болған, орысша жақсы білген, ел ішінде қадірлі, сыйлы, әділдігімен аты шыққан, ағайындарының басын қосып, басшылық жасаған, сөзге ұста, бес мезгіл намазын қаза қылмаған, құран оқыған діндар жан болған екен, елі болыстыққа да сайлаған. 1905-1906 жылдары Мекке-Мединеге барып, қажы атанып келген. Немере бауыры Сәт болыс Қарғалыда мешіт сала бастағанда Бекболат бүкіл бауырларымен болысып, бірге салысқан.

* * *

Бекболат Әшекеұлын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде бүкіл ел-жұрты, Алатаудың күнгейіндегі қырғыздар, Шу бойындағы дұңғандар барлығы бірауыздан басшы сайлап, хан көтереді.

1916 жылғы шілдеде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық көтерілісі басталды. Көтерілістің пісіп-жетілуіне жалпы отар өмірінің ауыртпалығы, бодан ел-жұртты озбырлықпен қанауы, құнарлы жерлерді қилы сылтаумен «мемлекет пайдасына» жүйелі түрде тартып ала беруі, одан Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуына байланысты үкіметтің империя бұратаналарына шектен тыс алым-салық салуы әсер етті. Ал көтеріліс қимылдарының Қазақстан мен Орта Азия халықтары арасында жаппай орын алып, іс жүзінде бір мезгілде шығуына «Ақ патшаның» әйгілі «Июнь жарлығы» – Ресей императоры II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымда қол қойған «Империяның еркеккіндікті бұратана халқын армияның іс-қимылы ауданында қорғаныс құрылыстарын және соғыстың қатынас жолдарын салу жөніндегі жұмыстарға, сонымен бірге мемлекеттік қорғаныс үшін қажет кез келген өзге де жұмыстарға тарту туралы» пәрмені себеп болды.

Жарлық бойынша тыл жұмыстарына 19-дан 43 жасқа дейінгі қазақтардан 240 мыңға жуық кісі алу белгіленді. Егер сол кездегі қазақ шаруашылықтарының саны 700 мыңнан сәл асатынын ескеретін болсақ, патша жарлығы тұтастай орындалған жағдайда әрбір үшінші шаруашылық өзінің негізгі еңбек етушісінен айырылады екен. Ал мұндай мөлшерде жұмысшы қолын майданның тыл жұмыстарына әкету Қазақстанды ұлттық апатқа ұшыратуы мүмкін еді. Жарлық Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік жаппай наразылық тудырды. Әлихан Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қалың елдің дариядай толқуы басталды».

Көтерілістің алғашқы ошағы Жетісу облысында пайда болды. Мұнда патша жарлығына қарулы қарсылық шілде-тамыз айларында бұқаралық сипат алды. Барлық жерде найза сүңгілермен, қылыш, шоқпарлармен, жекелеген қарапайым аңшы мылтықтарымен қаруланған сарбаздар жасақтары ұйымдастырылды. 17 шілдеде ресми билік Түркістан өлкесінде, оның ішінде Жетісуда, соғыс жағдайын жариялады. Патшалық өкімет органдары Жетісуға ірі жазалаушы әскери күштер жеткізе бастады. Тамыз айында 35 рота жаяу әскер, 2 жүздік атты әскер, 240 атты барлаушылар, 16 зеңбірек, 47 пулемет, бірнеше майданнан қайтарылған әскери бөлімшелер, жергілікті казак күштері пайдаланылады. Көтерілісшілерді жазалау үшін облыстағы орыс селолары мен казак станцияларының тұрғындарынан қарулы жасақтар құрылды. Бір жағында – бақайшағына дейін қаруланған, әскери өнердің бар қыр-сырына үйретілген патша әскері, екінші жақта нашар қаруланған, үйретілмеген, әлеуметтік және ұлттық азаптан шығуға ұмтылған көтерілісшілер жасақтары шайқасқа түсіп жатқан болатын.

Қызу қарқынмен лап ете түскен Жетісу көтерілісіне қазақ, қырғыз, ұйғыр, дүнгендер жұмыла атсалысты. Қатарларына 10 мыңнан астам адам тұрған көтерілісшілер Самсы төңірегінде жазалаушылар жасағына шабуыл жасап, оларды Верныйға қарай шегінуге мәжбүр етті. Тамызда Верный мен Пішпек арасындағы байланысты үзіп тастады.

Әскери дала соттарының сүйенген «құқықтық» негіздерінің бірі «Жазалау туралы» әскери жарғының 279-бабы болды. Онда жалғыз өкім – өлім жазасы туралы ғана айтылады. Мұны Жетісу облысының әскери губернаторы Фольбаумның қолы қойылған құжаттар растайды. Бұл құжаттағы «аяу-сыз жазалаңдар», «тез арада қамаңдар», «тез арада өлтірілсін». «Көтері-лісті басудың бір-ақ жолы бар. Көте-рілген болыста бірден бірнеше жүз адамды қырып-жою керек», – деген сөздер де – сол қанішер губернатордың нұсқауы. Мұндай қанды операцияларды жазалаушылар әр жерде жүргізді. Казак қылышы мен мылтығынан жазықсыз қырылған қазақтар аз болған жоқ. Шамасы жеткен ел үдере көшіп Қытай ауып кетті.1916 жылы тамыз-қыркүйек айларында Асы, Самсы, Отар өңірлерінде де казак-орыс жазалаушыларымен қарулы ұрыстар болды. Қордай мен Верный арасындағы барлық пошта стансалары қиратылды. Күнбатыс Қастек бо-лысындағы көтерілісті Нүке Сатыбеков, Сатай Көбегенов басқарды. Жа-йылымыс болысында 73 жастағы қарт, ел басшысы Бекболат Әшекеев атқа қонды.

7 шілдеде Үшқоңырда Жайылмас қазақтарының съезі болады. Отар приставы Гилевтің бірінші тамыз күні жазған хабарына қарағанда, 8 шілде күні Қарғалы, Бидалы, Күрті, Ұзынағаш болыстарының мыңнан астам қазақтары Үлкенсаз жайлауына жиналады. Мал санағын жүргізуге келген шенеунік Ивановқа қарсы пікір айтады. «Не істесе де балаларымызды солдатқа бермейміз» деп жазба түрде қарсылық білдіреді. Оған Әміре Төлеубаев бастаған 45 кісі қол қояды. 10 шілде күні тағы да сол Үлкенсазда 5 мың адам қатынасқан жиын өткізіледі. Жиналғандар «Патшаға солдат бермейміз, бәріміз бірігіп соғыс ашамыз» деп хабарлайды көпшілікке.

Осы жайында 9 шілде күні Үлкенсазға барып, «ештеңені біле алмай оралған» Ыбырайым Жайнақов 13 шілдеде Верныйға – Меркі, Үлкен Алматы болыстарының әйгілі адамдарын шақырады. Жиналыс өткізеді. Басқосуға Тоқаш Бокин де қатысады. Жайнақовтың іс-әрекетін, пиғылын

әшкерелейді. «Солдатқа бала беруді шешу үшін Жетісу қазағының басы қосылуын» талап етеді. Ал келесі күні Үлкен Алматы, Шамалған, Шығыс Қастек болыстарын аралауға аттанады халық қамқоршысы Тоқаш Бокин. 12 шілдеде – Мойынқұмда, 14 шілдеде – Үлкен Алматыда, 3-4 тамызда Шығыс Қастекте болады. Ондағы ауыл азаматтарымен сөйлеседі. Көтеріліс басшыларын тағайындайды. Жалынды сөздер сөйлейді. Халықты патшаға қарсы көтерілуге үгіттейді. 17 тамызда Самсы мен Шиен бекеттеріндегі жазалаушы отрядтарға қарсы шыққан көтерілісшілердің басы-қасында болады. Сөйтіп, Самсыда (басшылары – Қасабек Кәкенов, Сырғабек Жалпыетеков, Қасеней Айдарбеков), Шиенде (басшылары – Досмұхамбет Қашағанов, Нүке Сатыбеков, Мойнақ Берденов, Бектұрсын Кебекбаев, Қашаған Ырысқұлбеков), Ақшиде (басшысы Қарабай Аламанов) болған халық қозғалысына белсене араласады. Сөйтіп, 4 тамыз күнгі Шиенде тұратын Қашаған Ырысқұлбековтің үйінде келіскендей, Самсы-Шиен-Күртібастау-Ақши көтерілісшілері Ұзынағашқа беттейді. Одан Үшқоңырдағы Бекболат Әшекеевке қосылып, Алматыға шабуыл жасауға бекінеді.

…Бекболат ауылында үш тәулік бойы ел ақсақалдары мәжілістесуде. «Құрық ұстаған малшыны, таяқ алған қойшыны, соқа соңында жүрген егіншіні түгел матап беріп, бала-шағаны аштан қырмаймыз, қарақан басымыз қаңқиып қалмаймыз. Патша өкіметінің жарлығына қарсымыз» дейді ақсақалдар сөз түйіні.

– Басшы Бекболат! Көтер Әшекенің көк туын! Әумин!.. – деп алақанын ілгері жайды жасы тоқсанды алқымдаған Қалампырдың Мыңжасары.

– Кеудесін оққа тоспайтындар атқа мінбесін! – деді Бекболат өзінен бір лебіз күткен қалың топтың шарасыз көздерін шола қарап. – Мылтық атылғанда тауға шаппай, жауға шабыңдар! – деді және біраз ойлана түсіп, қатты-қайырымсыз жауды жақсы білетін Бекболат.

– Ша-ба-мыз!

Үздік-создық шыққан дауыстар құздарды жаңғыртып барып сап болды.

Тамыздың 10-ы және 11-і күндері жазалау отряды анталап асуға шықты. Ел шетіне жетуі-ақ мұң екен – әлекедей жаланып жеңіл сайран сала бастады. Қару-жарақ асынған мұншама орысты жөнді көре алмай, жол жиегінде көзін көлегейлеп қарай түскен, мал қайырған жайдақ атты қарияны көзі шалған Базилевский: «Сіз анау шпионды жауып тастаңыз!» деп бұйырды солдаттардың біріне. Атын шпорлап омыраулата түскен жаяу әскер киіндегі ебедейсіз кавалерист ол қарияны ықай-шықайсыз жауып тастады. Қозы бағып жүрген бір жасөспірімді Базилевский және бір солдатқа винтовкадан көздетіп атқызды. Базилевский өзінің бұл найсаптығын қылмысқа баламайды, қайта соған өнеріне машығы жоқ мынадай сұмдықты жауынгерлікке үйрету деп біледі.

– Жау келіп қалды! Аттан, аттан! – деген айқай шықты, әлгінде ғана тыныштықта бейқам көрінген жастар жағы жаңа ғана абыржыды. Тұтқиылдан сау еткен жауды жігіттер енді өз көздерімен көрді.

Бұл – тамыздың 13-і күні.

Жаяулатып сап түзеген солдаттар бірі жатып, бірі тізерлеп оқ жаудырды. Беттетпейді: жұрт әрі-сәрі. Дара шығып, ат қойған сойылшылар арқан бойыдан артық бармай оққа ұшып жатты.

Баста бізді!Ел рухы қызылтанау боп сабылып-шалдығусыз-ақ, қол көтермей-ақ, Бекболатты бірауыздан басшы сайлап алды. Ақ киізге отырғызып, хан көтереді. Бекболат та жұрт үкіміне жүгінді.

«Алматыдан орыстар шығыпты» деген хабар жұртты біраз сейілткендей болды, асуларға сақшылар жіберіліп, олар екі асудың Шұбарат пен Жамбастың аузын алды: жол бойынан сыбыс тыңдайды, өткен-кеткендерді сұраққа тартады.

– Қайдағы орыс?! – дейді жансыз боп келгені кейініректе әйгіленген бір «жолаушы». – Алматыдан шықтым, ырымға бір орыс көргенім жоқ, – дейді ол сақшыларға.

– Олай болса, жігіттер, тартыңдар, жуық жердегі ауылдан қымыз ішіп қайтайық.

Сол екі арада Алматыдан шыққан жазалаушы отряд та асуға жетіп қалған. Отряд бастығы – Верный оязының өзі, подполковник Базилевский. Отряд Верный гарнизонының – Симбирск жаяу әскер полкінің солдаттарынан табан астында іріктелгендер. Олар қаланың атты полициясы мен өрт сөндіргіштер дивизиондарының аттарына мінгізіліп, кіші Алматыдағы соғыс қоймасынан (крепостен) қылыш-сайман, оқ-дәрі алысымен-ақ осылай жөнелтілген. Жолшыбай Қаскелеңде отрядқа жолбастаушылыққа және тілмаштыққа бірқауым казак-орыстар қосылды.

– Оқтан қозыкөш шегініңдер, жылқы келеді! – деді Бекболат аттары оршып, шиыршық атқан сарбаздарға арт жақты нұсқап.

Жылқы дүбірі Бұрған жақтан да, Кіші Шыңбұлақтан да – екі бүйірден шықты, жер қайысқан қысырақ үйірлері жүйткіп кеп қалды. Сарбаздардың бір сәтке үміт оты жанды, отрядты құрсап алу да ойларында болған. Жылқы беті жауға бұрылды. Қиқулаған қалың нөпірден сесі қайтқан жау қашуға бет алды. Бірақ дауылдай ескен қуғыншылардан құтылмасын түсініп, белестегі қойтасқа бекініп, қайта оқ жаудырды. Дүркін-дүркін атылған оқ алапатынан үріккен жылқы алай-түлей. Ат басын ірікпей, жекедара «төтелеп» шапқан Көпесбай мен Мұсабай қарт бірдей оққа ұшты. Осы қақтығыста 43 адам қаза тапты, алты адам жаралы болды.

– Беке, қайтеміз? Ту құлады! – деді серік қарттардың бірі.

Ұрыс өңіріне жайлау-жайлаудағы құз-шоқылардан жазбай көз тіккен ауыл сақшылары: «біз жеңілдік» деп азан салуы-ақ мұң екен, артыныптартынып дайын отырған ел Қырғызды бет алып, одан әрі Қытай асуға лап көтерілді. Көшкен елдің жұрты үрей туғызады.

Солдаттар ауыл-ауылды аралап бала-шаға демей ұрып-соғып қылышпен турап, еркеккіндікті түгел қыра бастады. Алатау етегі қанға бөкті. Бәріне «Бекболатты тауып беріңдер» – деп тепсінді.

Бекболат «ел басына түскен қорлыққа шыдамай» өзі келіп, Шамалғанда тұратын Төлегенов Балғабектің үйінде жауына беріледі.

Қыркүйектің 7-сі күні губернатор Фольбаумның: «екі күн ішінде тергеліп, сотқа берілсін» деген әмірімен Алматыда (ресми Верныйда), қолмақол соғыс жағдайындағы заңмен жүргізілген әскери сот процесінде:

– Айыпкер Әшекеев, айтыңызшы: тастабандап тұрған Германияны тықсырып бара жатқан осындай дүлей күшке қарсы шығуға Сізді кім еліктірді? – дейді лепіре сөйлеген трибунал басшысы, орыстың юстиция полковнигі Левашев.

– Елімнің ерлік ынтасына еліктірді мені Жасаған ием, – деді Бекболат жайлап. Ол жау шеңгеліне мықтап іліксе де күмілжіп саспады және жауабын сонда отырған куәгерлер Күнтубаев пен Сүлейменовтерге, жалтақтаған үрпек бас тілмаштарға да арнағандай рай білдіріп.

– Сонда да болса, өзіңіздің әлгі сыбайластарыңыздың аттарын атаңызшы?

– Сыбайласым – елім, оны қоштаған – бір өзім, көрген – екі көзім, – деді Бекболат.

– Үшқоңырдағы бата не жайлы болды? Және ол батаны берген кім? Соны айтыңызшы?..

– «Қазақтан солдат алмаймын» деген антын бұзған ақ патша оңбасын!» деп бата берілді.

– Айыпкер Әшекеев, Сіз ата жолын қуып, өзіңізді хан жариялапсыз ғой. Соны айтыңызшы?

– Мені дарға ассаңдар, сонда «қан» болады. Қан төгу сендердің қолдарында, – деді Бекболат Левашевті табалай түсіп, аз қалған өмірін жұдырығына жұмып отырған жаудан жасқанбай.

Сот мүшелері Бекболаттан бірнеше рет жауап алды. Бірақ халықтың адал ұлы, ержүрек ардагерінің: «Халқым, сендердің ешқайсысыңды да жылатпаймын. Бар кінәні өз мойныма аламын. Сендер үшін құрбан боламын» дегені, айтқанын орындауы оның адамға деген шексіз сүйіспеншілігін, жау алдындағы қайсарлығын, батылдығын, бірбеткейлігін, алдына қойған мақсатына беріктігін байқатады. Бұл ойымызды Бекболаттың тергеушілерге берген мына жауабы да толықтыра түседі. «Ешкіммен байланысым болған жоқ. Көтерілісті өзім ұйымдастырдым», – деп өлім тұзағын саналы қарсы алады. Көпшіліктің құрбаны болуға бекінеді.

Бас-аяғы бір күн ішінде әскери сот Бекболат бастаған 13 адамға (ішінде Бекболаттың үлкен баласы Әбділдә бар) ақиқат-айғақсыз ең ауыр жаза дарға асуды ұйғарды. Бекболат Әшекеевке «заңсыз съезд шақырды», «елді көтеріліске үндеді», «өзін хан жариялады» деп, оны және оның жақын серіктері Тамабаевты, Бекбатыровты, Сыпатаевты, Әбдірашевті, Сатқыновты, Қасымбековті қылмыстың ең ауыр жазасына – дарға асуға үкім шығарды. Үкімді Фольбаум сол күні бекітті.

Бұл қыркүйектің 8-і күні болатын.

ХАЛЫҚ БАТЫРЫ

Қыркүйектің 9-ы күні.

Таңазанғы елең-алаңда абақтының көп камераларының бірінен:

– Молданы әкетті! Молданы әкетті! Ләйлаһа иллалаһ! – деп сүрен салған бір тұтқынның жанайқайы шықты. Молдасы – Бекболат. Бекең сол аз күн ішінде абақтыда «молда» атағын алған. Ажал аузында жатса да бес уақыт намазын қаза етпеген, тұтқындар басын сәждеге жығып, өзі имамдық жасаған.

Сәске әлетінде Бекболаттарды мылтық кезеніп, қылыш көтерген айдауыл тұтқындарды күні бұрын дайындалған жерге айдап келді. Губернатор әмірімен төңіректегі дүйім ел осында

Бекболат ӘШЕКЕЕВ (1843 -1916)

айдаумен келтірілген. «Көрсін, түге! Шошысын! Дәрмені қашсын!» – деген Фольбаум үкімін іске асырды.

Ол – ол ма! Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің сол жылғы 12 желтоқсандағы бұйрығы бойынша Жайылмыс болысының 23 адамы қосымша тергеуге тартылып, әскери соттың қармағына ілікті. Бас-аяғы үш күн ішінде әскери сот 14 адамды «бүлікті» деген айыппен өлім жазасына кесті. Олардың ішінде: Әшекеев (Бекболаттың ортаншы баласы), Әбішев, Аманбаев, Нұрабаев, Сұлтанов, Аманжолов, тағы басқалары бар. Куропаткин сот үкімін ірікпей 22 ақпанда бекіткен, бірақ сол күндері Петроградта Ақпан көтерілісі басталып, ол үкім орындалмай қалды, сонда да елді меңдеген езгілік дерт асқындаған бетінде қала берді.

Үшқоңырда сұрапылда оққа сойыл сермеп, азаттық үшін өлімге жол тартқан: Мұсабай Рысқұлұлының, Көпесбай Бижанұлының, Сағындық Жанысбайұлының, Иісбай Самалұлының, Әмір Шуақұлының, Сәрсенбек Қошақұлының, Бұғыбай Құрманбайұлының, Сұлтанбай Кебекбайұлының, Елеусіз Бағылұлының, сондағы бүкіл көтерілген елдің ендігі үрім-бұтақтары, өрен-жарандары – осы ауыл тұрғындары. Кейінгі толқын ұрпақтар кешегі сол жауапкершілікті – ертегінің батырларындай қиялда емес, осы елдің дәл ортасынан көрініс берген бабалар батырлығын, олардың ел үшін өлімге жол тартқан қайсарлығын, біз үшін бітімсіз қалған сол бір қантөгісті білсе екен дейміз.

Бекболаттың азаттық ұраны, көтеріліс дүбірі сарқыла қоймаған 1936 жылы бұл оқиғаны жазушы Дәулетбаев қағазға түсірген (Еркебай Қойшыбаев. Үркіншілік жыл. «Қазақ әдебиеті», №20, 14 мамыр, 1996 жыл; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұрағаты, 76-қор, 510-іс, 385-397-беттер).

Осылайша Жайылмыс болысындағы көтерілісті дайындаған, оған басшылық еткен Тоқаш Бокин екендігі айқын сезіледі. Ал Бекболаттардың сәтсіздікке ұшырауына келсек, Самсы, Шиен, Ақши көтерілістерінің айтылған уақытта Бекболаттың отрядына қосыла алмағандығы еді. Және Бекболат Әшекеевтің соғыс жоспары орасан еді. Оның батыстағы – Ботбай, шығыстағы – Қызылбөрік, Қырғыздағы – Пішпек, Тоқпақ, Ыстықкөл көтерілістерімен тікелей байланысты болғандығын соттың протоколдары да дәлелдейді.

Сатқындар шығып, тыңшылық жасағандар көп құрбанның жеңілістің себепкері болды.

Бекболат Әшекеев бастаған ұлт-азаттық көтерілісі жеңіліспен аяқталды. Рас, патша жендеттері бас көтерген қазақты атты, шапты, түрмеге салды, Сібірге айдады, дарға да асты, бірақ тәуелсіздікке деген елдің ұлттық рухын жоя алмады.

Патша жендеттері көтерілісшілерді ғана емес, олармен бірге бейбіт халықты да қатал жазалады. Жалпы, Түркістан өлкесі бойынша мәліметтер бойынша мыңдаған көтерілісшілер сотқа тартылып, 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмыстарға, 129 адам түрмеге отыруға кесілді (ҚР ОММ, 46-қор, 1-тізбе, 385-іс, 42-п).

Қатал қуғын-сүргінге ұшыраған 300 мыңнан астам адам немесе Жетісу өңірінің тұрғылықты халықтарының төрттен бір бөлігі атамекендерін тастап кетуге мәжбүр болды. Сондықтан да Жетісуды мекендеуші тұрғылықты халықтар 1916 жылды тек қана көтеріліс жылы емес, сонымен бірге «Үркіншілік» (үрке көшу) жылы ретінде көп уақыт ұмыта алмады.

Бекболат Әшекеев дарға асылғанда жұрт күңіреніп кетті. Күнде ертеңгісін ел жиылып келіп қараса дарға асылған батырдың табаны жерге тиіп, жерді басып тұрады.

Жібі созылып, денесі ұзарып екі табаны жерді басып тұрғанын көріп қалың жұрт: «Арда ардағымыз-ай, асыл еріміз-ай» – деп қан жылайды.

Болыс Сәт Ниязбекұлы Мақыш Райымбекұлы, Оразалы Күртібаев бастаған жеті наркескен өжет жігіттерді жинап:

– Батыр Бекболатымның сүйегін алып келіңдер, не өздерің соның жолында құрбан болсаңдар, өзім жаназаларыңды шығарамын – депті көзінен аққан жасы сақалынан алты тарам болып ағып.

Мақыш серіктерімен түн жамылып жүріп, екі казак сақшыны өлтіріп Бекболат батырдың денесін дардан алып кетіп, Сәт болысқа әкеледі.

Сәт болыс шымы қалың жерден ақым қаздырып, өзі құранын оқып шығарып, көміп, бетін шыммен қайта бекітіп тастайды. Казак солдаттар арыбері шапқылап іздейді, бүкіл бейіт-зираттарды қарайды, Бекболаттың денесін таба алмайды.

Үшқоңырдың етегінде отырған бүкіл бала-шаға, туыстарын қатаң сұраққа алады. Олар білмейтіндерін айтады.

Барлық бала-шағасын, жақын бауыр, туыстарын Верныйға жаяу күйінде айдайды. Жол жөнекей еркек біткеннің бәрін оң қолдарын ұрып сындырып, ал әйелі мен қыздарының винтовканың штыгымен оң көздерін ағызып жібереді.

Әшеке тұқымы содан соқырлар мен шолақтар елі атанады. Кеңес өкіметі орнап, аман қалғандар фамилияларын өзгертіп, басқа елге сіңіп кетеді. Қуғын-сүргін алпысыншы жылдарға дейін созылады.

Батырдың дарға асылған жері Боралдай жотасына, кезінде орталық архив директоры Марат Хасанаев, Жамбылов Әлімқұл, Хамза қажы Екейбаевтарды апарып, теледидарға түсіріп, сол жерге құран оқытып, құрбан шалдырған едім. Әруақ, оның ішінде қасиетті әулие, әруақ айтады екен. «Дүниеден өткен соң жүз жыл жерде боламын, жүз жылдан соң елде боламын» – деп.

Міне, халық батыры, азаттық үшін арыстандай алысқан, тәуелсіздігіміз үшін жанын қиған Бекболат Әшекеұлы атындағы саябақ ашылды – бұл сол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде құрбан болғандардың рухына арналған лайықты ескерткіш деп бағалаймыз.

Арада 70 жыл өткенде 1986 жылы желтоқсан көтерілісі – сол он алтыншы жылғы көтерілістің заңды жалғасы, рухы қайсар қазақ елінің тәуелсіздікті аңсаған ерекше бұлқынысы еді.

Үшқоңыр тауы толғанып, толғатып, арада 24жыл өткенде бұл қасиетті асқар байтақ тауда маңдайы жарқыраған – Нұрсұлтан есімді ұлды өмірге әкелді. Нұрсұлтан Әбішұлы – еліміздің бағы болып, тәуелсіздігімізді бейбіт жолмен алып берді, Тәуелсіз Қазақстан әлемді мойындатты.

1916 жылы Бекболат батыр Боралдайда дар алдында соңғы сөзді айт, патшадан кешірім сұра дегенде:

Рас мен соғысуға шықпақ болдым,
Басыңды жер астына тықпақ болдым.
Еңіреген елім үшін соғыс ашып,
Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым –

деп қасқайып тұрып, айқай салыпты.

Ал 1986 жылғы желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбекұлы

«Қазақ деген атым бар,
Атам десең атыңдар!» – деп басын имей, тәуелсіздік жолында құрбан болды ғой қайран ер!

Қайран қайсар рухты, қайтпас қара нардай батырлар осылар емес пе?!

Бекболат Әшекеұлы басқарған көтеріліс жайлы Зейін Шашкин, Ғ.Сапарғалиев, Есберген Естаев, Х.Тұрсынов, Ғ.Мүсірепов, Шерхан Мұртаза, Балғабек Қыдырбекұлы, Мейрамбек Толсынбергенұлы, Төлеу Көлбаев т.б. көптеген ғалым, жазушы, журналистер қалам тербеді, арнайы ғылыми жинақтар шықты. Әсіресе, қазір жүзге келген ардагер – қаламгер журналист Үсенбай Тастанбеков ағамыз көп зерттеп, құнды деректерді жазды.

1916 жылғы осы көтерілістің жалынды жыршылары Жамбыл, Үмбетәлі Кәрібаев секілді атақты ақындар ел-жұртын, көтерілісшілерді жігерлендірді. Жамбыл Қастек, Шиек көтерілісшілерінде болып, азаттық жайлы жар сала жырлады, кейін Үшқоңырда күндіз-түні қайсар сарбаздармен бірге болып, жалынды өлеңдерін айтты. Шүкітай және басқа да ақындар көтерілістің бел ортасында жүрді. Иса Дәукебаевтың «Бекболат» поэмасы оқулықтарға енгізілді. Ал бұл шын мәнінде Үмбетәлі Кәрібаевтың поэмасы екендігі жайлы академик Серік Қирабаев бастаған ғалымдар тексеріп, ұйғарым жасаған болатын.

Шамалғанның ауылым жағасында,
Кім жетеді асылдың бағасына.
Ардақты аға сен едің, ер Бекболат,
Тұлпар мініп, ел бастап барасың ба? –

деп жырлапты. Бүгінгі азат елдің ұрпақтары жетпесе, кім жетеді асылдың бағасына?

Тәуелсіздік үшін қызыл қандары төгіліп жанын берген қайран боздақ, асыл жерімізді есіне алып, Бекболат атындағы саябақ ашып отырған бүгінгі елжұртына, Қарасай ауданының басшыларына шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Бұл аталарымыздың ерлігі – ұлт-азаттық қозғалысы тарихында батырлық пен батылдықтың, азаттық аңсаған елдің рухының биіктігін танытатын адалдық пен азаматтықтың символына айналды.

Құрметті халайық!

Бекболат Әшекеұлының қай жерге жерленгені белгісіз, құпия болып қалды. Мүмкін ардақты Бекболат батыр бүгін біз айтып отырған саябақ орнында жерленген шығар?

Кеше мен бүгін үшін талассаң ертеңінен айырыласың. Өткенді құрметтеу – болашаққа үлгі өнеге.

Бағалай білмегенге бақ қонбайды.

Қуана білмегенге құт қонбайды.

Ел-жұртымызға береке-ынтымақ берсін, бақ-береке арылмасын!

Мұхитхан ҮМБЕТҰЛЫ:

БІЗ ДЕ БІР ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰРПАҒЫМЫЗ

(Соңы. Басы өткен сандарда).

– **"Рейтинг" газетінде 2017 жылғы 20 шілдеде жарияланған "Төле би туралы тың деректер табылды" деген мақалаңызда Сіз Төле бидің әкесі Ниязбек екенін айтыпсыз...**

– Қолда бар шежірелер Ниязбек пен Қазыбекті Төле бабадан тараған перзенттер санайды. Шежіреде де нақтылық жоқ. Мәселен, бір шежіреде Қазыбектің аты аталса, екіншісінде кездеспейді. Төле ұрпағы Досалының орыс зерттеушісіне берген мәліметінде де Қазыбектің аты жоқ. Ал орыстың тағы бір жинаушысы Южаковтың шежірелік тізбесінде Өтебайдан Төлені өрбітеді. Ол да кезінде қазақтың құймақұлақ қарттарынан жазып алды емес пе? Бұдан жеті атаны танып, зердеде сақтау кез келген адамға бұйыра бермегенін білген жөн. Бүгінгі ұрпақ Ниязбектің атын білгенімен, затын білмейді. Бірде-бір адам осы кезге дейін оның өмір жолы мен қызмет белестеріне, қазақ хандарының қайсысымен серіктес болғанына, қайда туып, бақилық болғанына, артына қандай із қалдырғанына назар аударып, ізденістер жасаған емес. "Жаныс", "Қожабек–Жолан шежіресінде" де сол баяғы қайталаулар. Осы көшірінді дүниелерді оқыған адамдар дәлел-дәйегіне қарай ма, кітапты алға тартып айтысып жүргені. Оны күнделікті өмірде көріп отырмыз.

XVII-XVIII ғасырлардағы аласапыранда жан-жаққа бас сауғалап шашыраған жұрт біреуі атасынан, енді біреуі баласынан айырылып, босып жатты емес пе. Бас амандығын ойлаған жұрт бірі өзбектің, бірі қырғыздың, бірі қарақалпақтың ішіне кірді. Талайлары құрама атанды. Бұл қасіретті жылдардың азабын тартқан адамдар жеті атасы түгілі, өз баласын да танымайтын халге түсті. Мысалы, өзбек, тәжік, қарақалпақ арасына сіңіскен бауырларымыз қанша атасын санап бере алады? Қазақтың қаншама аталары басқа руларға сіңісті. Сол рудың санатына қосылды. Оған сандаған мысалдар мен дәлелдер келтіруге болады. 1998 жылы Өзбекстандағы Бостандық, Қыбырай аудандарын аралап, тығыз қоныстанған қазақтар арасында болып, олардың жеті аталарын сұрастырдым. Қанша қариялармен тілдестім. Сонда байқағаным, олардың үш атадан артық білмейтініне көзім жетті. Оған, әрине, өзбек, тәжікпен араластық, некелік қатынастар да елеулі ықпал ететіні аян.

Қыбырайлық қариялар Қыбырай батырдың өз бабалары екендігін естіп, таңқалған еді. Сөз реті келгенде мына мәселеге де назар аударғанды жөн көрдік. Шежіреде Қыбырайды XVII ғасырда өмір сүрген тұлға ретінде көрсетсек, Жамбайды оның туысы деп, сол кезеңге апарып жүрміз. Ақиқаты солай ма? Жоқ, ағайын, Қыбырай Түркі қағанатының қаһарманы, ол VII ғасырда өмір сүрген. Ал Жамбай бабамыз қазақ-жоңғар соғысының батыры, ол XVIII ғасырда ғұмыр кешкен. Осынау атақты батырлардың бүгінгі ұрпақтары зерттеу жұмыстарын жасауға неге ынталылық танытпайды? Көріп отырсыздар, шежіреде осындай ауытқулар толып жатыр. Ынта мен талап болса, шежірені жүйелеуге болады. Тағы да бір мысал, шежіреде сіргелілерді Жәнібек ханның тұсында қырғынға ұшыраған деп жазып келеді. Бұл да уақыт жағынан алғанда жалған. Бұл оқиға XIII ғасырда болған. Сондықтан Сіргелілер тарихын да қайта жазу керек. Рухани жаңғыру бізге үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. «Туған жер», «Қасиетті жер» бағдарламасы арқылы тарихтың көмескі беттерін ашуға болады. Әсіресе зерделеп отырған XVII- XVIII ғасырларға тән жер атаулары (топонимдер) тарихымыздың талай беттерін ашатынына сенемін. Қолымда сол замана сырларын ашатын, бүгінге дейін назардан тыс қалған жер-су атаулары туралы мәліметтер бар. Сондықтан да Елбасымыз ұсынған "Киелі жерлер" мәселесі де ерекше мән-мағынаға ие екендігін ескеруіміз қажет. Біріншіден, Ташкенттегі Ниязбек қамалы (бұл Шыршық қаласының орталығы – М.Ү), оның негізі Әз Тәуке ханның тұсында қаланған. Оған архив қорынан алынған мына мәлімет негіз бола алады: "Ол кезде қазақ хандары мен сұлтандарының саяси ықпал өрісі дәстүрлі көшпелі аудандарға ғана емес, сонымен қатар Сырдарияның төменгі және орта ағысы бойындағы көршілес отырықшы егінші және сауда-қолөнерші аймақтарға да таралды, онда 1695 жылы Ташкент жазирасымен бірге 32 қала мен оларға жапсарлас жатқан жер қазақтарға бағынды". Қазақ билеушілерінің пайдасына жыл сайын ақшалай және тауарлармен алым төлеп тұратын қалалардың қатарында Шыршық қамалы да бар. Оны басқа да зерттеуші-жиһанкездердің Ташкент өңіріне байланысты жазбалары нақтылай түседі. Бұл қамалдың стратегиялық маңызы зор болған. Қамалдың іргесін нығайтқан Ниязбек болғандықтан соның атымен аталған. Уақытында Төле би де осы қамал арқылы Шыршықтың суын уысында ұстаған. Қамалдың іргесін Төле би қаласа, соның атымен аталар еді ғой. Екінші, Ниязбек есімі қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі батырлар, билер қатарында неге хатқа түспеген? Егер ол осылардың қатарында болса, хатқа түсер еді, жыр жолдары арқылы жадта жатталар еді, құжаттарда аты сақталар еді. Неге оның аты шығыс, батыс деректерінде аталатын өз бауырластары – Ақбота, Ақшора, Абыл, Қожабек, Жолан, Қойгелді, Қонай, Бәйтік, Бектемір, Айтбай, Тілеуке, Қабан, Сеңкібай, Қожамжар санатында көрінбейді? Бұқар жырау жырында бәрінің атын тізгенде неге Ниязбекті бір ауыз еске алмайды? XIX ғасырда Төле би ұрпақтарымен үзеңгілес болған атақты Майлықожа ақын да Әлібектен бастап өз тұстастарына дейін бұл әулеттің белділерін атағанда Ниязбек туралы ләм демейді? Неге?

Тарихи құжаттарда Нияз батырдың аты аталады. Арғын руынан шыққан батыр ретінде көрініс береді. Ол Әбілмәмбетті хан көтеруге араласқан. Сонымен қатар Қоқан жазбаларында Ниязбек датқа туралы мәліметтер бар. Ол 1869-1870 жылдары датқа болып қызмет еткен. Төле би балаларына үш қайнатса да сорпасы қосылмайтыны белгілі. Тағы да мынаны ескеріңіз, шежірелік кесте бойынша санасаң Тыныбектен тарағандар бір ата алда келеді. Неге Төле би де сол кезеңнің тұлғасы емес пе? Оның себебі кестеден бір атаның түсіп қалуы. Міне, осыдан шежірелік жүйе бұзылып отыр.

Үшінші, әр ғасырда үш ұрпақ ауысады. Бұл заңдылық, оны ешкім бұза алмайды. Сондықтан шежірені де дұрыс оқи білу керек. Атамнан қалған шежіре деп, бәрін ақиқатқа балап, дәлел-дерексіз айтысу абырой әпермейтіні белгілі.

Төртінші, орыс, қытай құжаттарының арасынан Ниязбек жөнінде бір жапырақ қағаз таба алмадық. XVIII ғасырдың оқиғаларын бірден-бір зерттеушілер, қазақтың айтулы тарихшылары – Нәбижан Мұхамедханұлы, Жамбыл Артықбаев, Мұхтар Қожа және Е. В. Ерофееваның еңбектерінен көптеген тарихи тұлғаларымыздың атын кездестірдік, бірақ Ниязбек аты жоқ. Неге? Жауап іздеп көрдіңіз бе? Ташкентте бір қамал Ниязбек атымен аталса, ол айтулы тұлға болғаны ғой. Осынау адамның аты құжаттарға түспеуі мүмкін емес қой.

Қоқан хандығы тұсында Ниязбек қамалының басқарушысы Төле бидің ұрпағы Момынбек датқа болғанын жазбалар растайды. Бірақ бұл жазбаларда да Ниязбек аты кездеспейді.

– **Қысқасы, тарихи деректерге қайта айналып соғып, анықтап, дәлелдеуді керек ететін тұстар баршылық дейсіз ғой.**

– XVIII ғасырдың аласапыранды шағында Төле би балалары ерліктің тамаша үлгілерін көрсете білді. Шежіреде Төле бидің сегіз ұлы бар деп тізбелейді. Кейбір мәліметтерде оның Едіге, Масым деген ұлдары болғаны айтылады. Бірақ шежіреде оның аты жоқ. Төленің нақты қанша ұл-қызы болғанын да білмейміз. Қожабек деген баласын жоңғар ұрғасына аманатқа жібергенде он бес жаста болатын. "Бірге кетті шабында Қожабек деген баласы" деген де әңгіме бар. Бұдан Қожабектің 1719 жылы туғанын білеміз. Жолан деген баласы Қытайға елшілікке барғанда (1758) оның жасы 37-де болған. Бұл кезде Төле 83 жастағы қария еді. Біздің тарихшы-зерттеушілердің тағы бір қателігі – Жүніс қожаны Төленің атқосшысы, енді бірде қайнысы санап жазып жүргендері (Жанғара Дәдебаев, «Атыннан айналайын». Алматы, 2002 жыл, 68-бет). Қоқан хандығы жазбаларын саралау барысында Жүніс қожаның 1755 жылы өмірге келгенін анықтадық. 1763 жылы ол бар болғаны сегіз жаста еді. Ташкенттен Дулаттарды ығыстырғанда 35 жаста болған екен. Ал онымен тартысып жүрген Төле бидің кенжесі Қожамжар 1726 жылы туған болса керек. Қожамжар Ташкенттің Сибзар бөлігін 1768 жылдан бастап төрт жыл биледі. Оны мына сөздер де растай түседі: Қазанғап Байболұлы "Төле би" жырында "Төрт жыл сұрап Қожамжар" деп оның шаһар билігінде қанша жыл болғанын анық көрсетеді. Тағы бір деректе "Төле би қайтыс болған соң Ташкент аз уақыт Қожамжар билігінде болды, одан кейін Қойгелді биледі", – дейді. Кейін оларды Жүніс қожа қаладан ығыстырған. Төле бидің көзі тірісінде үш жыл Ташкент билігі үшін Ақботаның немересі Бәйтік Ырысбайұлы қырғыз, қожалармен алысып өтті. Ақыры қырғыздардың қолынан опат тапты. Жоланның ұлы Жаңабай, немересі Жанәділ "Ел өседі, жер өспейді" деп өмір бойы жұртының ұлтарақтай пұшпағы үшін қоқандықтармен жағаласып өтті.

Жеті атасы бек болып өткен Әлібек әулетінен өрбіген Қабан, Сеңкібай, Шойбек, Дербісәлі, Момынбек датқа, Қасымбек болыс сынды тарихта аты қалған танымал тұлғалар XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырда өмір сүріп, алдаспандай жарқылдап өтті десек, қателеспейтін шығармыз. Бұл бабалардың ғұмырдариясына баруды кейінге қалдырдық. Олардың өмірі де жатқан бір дастан. Сәті келгенде олар туралы да әңгімеге оралармыз.

Соңында жұртшылықты, баба ұрпақтарын мынадай мәселеге назар аударса деп санаймын:

2018 жылы Құдайберді бабаның туғанына 445 жыл толады. Бұл мерейтойды жоғары дәрежеде атап өтсек ғанибет болар еді.

Сұхбаттасқан З. ЖАНСЕЙІТ.

➢ Кәсіпқой бокс



Отандық арналар боксшыларымызды ЧЕМПИОН КЕЗІНДЕ ҒАНА ҚОЛДАЙ МА?

Сәуірдің 29-ы күні таңертең Данияр Елеусінов АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында кәсіпқой бокстағы алғашқы жекпе-жегін өткізіп, қарсыласын үшінші раундта-ақ сұлатып салды. Жарқын жеңіс, әдемі айқас. Өкінішке қарай, бірде-бір қазақстандық телеарна бұл жекпе-жекті көрсеткен жоқ.

Данияр Елеусінов кәсіпқой боксқа 2016 жылғы Рио де-Жанейро Олимпиадасынан кейін-ақ назар аударған. Алайда, тәуекелге бара алмай көп жүрді. Лайықты промоутер табылмағаны тағы бар. Бағының жанғаны шығар, осы жылдың наурызында Даниярға бола Лондоннан Астанаға әйгілі Эдди Хирннің өзі ұшып келді. Бірден келісімшартқа отырып, боксшымыздың карьерасын жүргізуге келісімін берді. Ал арада екі ай да өтпестен Елеусінов АҚШ-қа аттанып, Дэниел Джейкобспен бір кеште жекпе-жек кешін өткізді.

Қарсыласы кәсіпқой шаршы алаңда жеңілістің кермек дәмін татып көрмеген американдық жас проспект Ноа Кидд еді. Жерлесімізге дейін төрт рет жұдырықтасып, үшеуінде жеңіске жеткен, екеуін құлатып, бір рет тең түскен. Алайда, Даниярдың қарқынына шыдай алмады. Үшінші раундта екі рет нокдаун алып, екіншісінде төреші 10-ға дейін санамай-ақ айқасты тоқтата салды.

Дегенмен, өкінішке қарай, бұл жекпе-жекті қазақстандық жанкүйерлер көре алған жоқ. Турасын айтқанда, отандық телеарналар Елеусіновтің дебютін көрсетпеді. Неліктен екенін арна басшыларының өздері айта жатар. Біз тек назымызды білдіреміз. Несін айтайық, спортшыларымызды қолдай білмейтін халықпыз. Олар бізге чемпион кездерінде ғана керек. Әйтпесе, басқасын айтпай-ақ қояйық, тым болмаса Олимпиада чемпионының кәсіпқой бокстағы жекпе-жегін көрсетуге болар еді ғой. Оның үстіне, Данияр атышулы Дэниел Джейкобстың өзімен бір кеште жұдырықтасты. Тым құрығанда еліміздің ең басты спорттық арнасы «Qazsport» үнсіз қалмауы керек еді. Мейлі тікелей эфирден көрсетпей-ақ қойсын, басқа уақытта қайталауын берсе де болар еді ғой. Эфирде бос уақыт жоқ деп те айта алмайсың. Мәселен, ертең түскі уақытта Чемпиондар лигасының жартылай финалы аясында өткен «Бавария» – «Реал» және «Ливерпуль» – «Рома» ойындарының қайталауын көрсетпек. Ал 1 мамыр күні түстен кейін Головкин мен Альварестің және Қанат Ислам мен Брэндон Куктың былтырғы айқастарын қайталайды. Неге осылардың орнына Данияр Елеусіновтің дебютін көрсетпеске?

Жалпы, Даниярды мысал ретінде ғана алып отырмыз, әйтпесе кәсіпқой шаршы алаңдағы әр боксшымыздың жекпе-жектерін көрермендер іздеп жүріп көрер еді. Мәселен, Бекман Сойлыбаев бар, Батыр Жүкембаев пен Абылайхан Құсайынов, Айдар Шәрібаев, Бақтияр Эюбов, Әли Ахмедов, Иван Дычко сынды жігіттер де ірі жекпе-жектер өткізіп жүр.

Ал АҚШ-та арналар әр жекпе-жекке таласып, содан табыс табатын халге жеткен. Ұлыбританияда да солай, кез келген бокс кешінің басты ұйымдастырушысы болуға асығады. Жапония мен Аустралияда кәсіпқой бокстың трансляциясын басты табыс көзіне айналдырып алған арналар көп. Өкінішке қарай, бізде әлі сала кенже қалып келеді.

Былтыр тым болмағанда «Хабар» арнасы кәсіпқой бокс жекпе-жектерін тұрақты көрсетіп тұратын еді. Әдетке айналғаны соншалық, әр сенбі және жексенбі сайын рефлексті түрде осы арнаны қосатын едік. Биыл олар да көрермендерін жабырқатып жатыр.

Diamondring.kz

➢ Шахмат

Жансая ерлердің гроссмейстер нормасын орындаудан үмітті

Жақында Шахмат академиясында өткен баспасөз мәслихаты барысында жас шахматшы Жансая Әбдімәлік ерлер арасындағы гроссмейстер нормасын қашан орындайтынын айтты.

Алматылық Жансая Әбдімәлік былтыр қарашада 20 жасқа дейінгілер арасында әлем чемпионы атанды. Бүгінде ол 3 норманы орындады.

2011 жылы – әйелдер арасындағы халықаралық шебер атағын, 2014 жылы – әйелдер арасындағы гроссмейстер, 2017 жылы – әйелдер арасындағы халықаралық шебер атағын жеңіп алды.

18-ге енді келген шахматшы бойжеткен ерлер арасындағы гроссмейстер нормасын орындауға ниеттеніп отыр.

«Рейтингте 2 500 пунктіне жетуім керек. Қазір менің рейтингім 2 484 болып тұр. 16 пункттен өтсем болды, ресми түрде атақ ұсынылатын болады. Жақында Испанияға ұшатын боламын. Турнирде әлемдегі ең күшті спортшылармен бақ сынасамын. Қалған пункттерді сол жақта жинап келу ойымда бар», – деді Ж.Әбдімәлік.

Әлемде бұл нәтижеге 18 немесе одан жас кезінде 4 спортшы қыз жеткен. Қытайлық Хо Фань, үндістандық Хампи Конеру 15 жастарында норманы орындаған. Ал, мажар қызы Юдит Полгар – 16 жасында, ресейлік Екатерина Лагно 18 жастарында жетті. Жолы болса Жансая Әбдімәлік жас кезінде ерлер гроссмейстерін орындаған әлемдегі бесінші ару болмақ.

Айта кету керек, көбіне әлем чемпионы атағын алған қыздар бұл атаққа 20-25 жастарында қол жеткізген.

«Биыл қыркүйекте ФИДЕ Ассамблеясының отырысына дейін қазақтың қызы Жансая Әбдімәлік Орталық Азиядағы ерлер арасындағы гроссмейстер атағын жеңіп алған тұңғыш қыз боларына сенімдімін», – деді Қазақстан Шахмат федерациясының атқарушы директоры Ирина Грищенко.

Бүгінде Жансая уақытын спортпен айналысуға көбірек арнап жүр.

«Таңертең бассейнге барамын. Шахматшылар үшін физикалық дайындық өте маңызды. Себебі, тапжылмай 2-2,5 сағат отыру үшін үлкен төзім керек. Содан соң академиядағы бапкерлеріммен жаттығу партияларын жасаймын. Түскі астан соң украиналық бапкеріммен скайп арқылы жаттығамын. Басқа нәрселерге уақытым мүлде жоқ»,– деді Жансая Әбдімәлік.

Inform.kz

Қазақ елі

Тәуелсіздік нұрымен
Елім менің гүлденген.
Ақындардың жырымен,
Қуат алып тербелген.

Тәуелсізбіз еркінбіз,
Алға қадам басатын.
Қуаттанып енді біз
Берекеміз тасатын.

Қазақ елі данасың,
Бағалаймын асылға.
Дархан байтақ даласың,
Дамып жатқан ғасырда.

Қазақ жері

Ертеден ата-бабам қорғап өткен,
Біздерге аманат қып тастап кеткен.
Қадірлісің, көріктісің Қазақ жері,
Сарқылмас мұра болып бізге жеткен.

Қазақ елі ешкімге қызықпаған,
Керісінше басқалар кеп қызықтаған.
Бізде қайсар қазақтың ұланымыз,
Жерімізді құрметтеу ұранымыз.

Ұлан байтақ тамаша жеріміз бар,
Тап-таза мөлдіреген көліміз бар.
Қырынан қырмызы гүл жайнайтұғын,
Ғажайып көкорайлы беліміз бар.

Жарылғамыс шешеннің сөзі

1880 жылдарда Жарылғамыс шешеннің бір топта жиылған халыққа насихат етіп айтқан сөзі.

Сыйласқанмен сыйлас,
барың болса аямай,
Қинасқанмен қинас, әлің болса аянбай.
Кеңшілікте жараспаған, таршылықта
Бастырмайды маңайын.
Сараң байдан сұрасаңыз ат майын,
Бермес үшін айта берер жоқ жайын.
Ер жігіттен сұрасаңыз ат майын,
Ерлік қылып түсіп берер бір тайын.

Әділ төре мен Өтеген батыр арасындағы даулы мәселеге Асанқайғы деген қария мына сөзді айтқан екен:

Қырың ауыл Қасқарау,
Сөзімді төре басқарау.
Бір әйелге қызығып
Түбінде болма масқарау.
Мен қорқамын ...
Сонау Шымкент Ташкентте
Жатқан шешен Сары ұлдан.

Мұнда Сары ұл дегені Төле би бабамыз екен.

Анашым

Анашым алтыннан да қымбатсың,
Талай рет сен ертегі тыңдаттың.
Әніңменен аяладың тербеттің,
Тәлім алып ізетті боп бойжеттім.

Анашым мөп-мөлдір бұлағымсың,
Шаршасам саялайтын шырағымсың.
Мұңайсам жұбанышым серігімсің,
Жаныма қуат берет әрбір ісің.

Ақжарқын БАЙБОЛАЕВА
№ 1 мектеп-гимназиясының
7 «Б» сынып оқушысы,
Ленгір қаласы.

➢ Әзіл-шыны аралас

Қысқа қалай дайындалдық

Биыл қыс ерте түседі деген болжам бар. Қысқа әркім әртүрлі дайындалады. Біреулер мал-жанына жем-шөпті молынан дайындаса, енді бірі тон, италиялық етік, түрік свитерлерін ерте бастан-ақ алып қояды.

Біз осы қысқа ерекше дайындалмақ болдық. Байқап қарасақ, аталған киімдердің бәріде өзіміз де бар екен. Жанұямызбен ақылдаса отырып, қысқа дайындықты көкөніс, жемістерден банкіні молынан жабамыз деп шештік. Неге десеңіз, өткен қыста жапырақпен сарымсақ қосылған қияр банкілері жетті де, укроп, баклажан, туралған помидор салаты жетпей қалған болатын. Жүзім мен шиеден жабылған компотты ғой күздің ақырында-ақ ішіп тауысқанбыз. Биыл бәрін де есеппен жасамақпыз. Үш литрлік банкіге қара өрік жапсақ, шабдалының жүз шақтысын екі литрлік банкіге жабамыз деп ойладық.

Осы арада басымызға адамның санасына келмеген бір жаңалық сап ете қалсын.

Оны айтқан әйелім.

Бізде «жақсы сөз – жан азығы» деген мақал бар деді ол. Олай болса,

көкөністерден салат жабамыз. Ал енді «көреміз», «шыдаңдар» деген сөздерден неге банкі жаппаймыз? – деді ғой, ол.

– Жапсақ жабайық, – дедім ойланбастан.

Іске бәріміз жұмыла кірістік. Әйелім жүзім сабақтарын жуып әуреге түссе, өзім айналайын көркем әдебиеттен жанға жайлы сөздерді іздеуге бас қылдым. Жанұямыздың өзге мүшелері су тасып, банкілерді тазалап жатқан болатын. Ойымыз: жүзім, шие шырыны таусылса, біртіндеп «бәрі жақсы болады», «әл-ауқатымыз артады» деген банкілерді ашып, қыстан әупірімдеп шығу. Өткен қыста осыны қалай білмедік десеңізші! Сол кезде осылай жасасақ бар ма, бәрі де жететін еді. Сондықтан шабдалы, жүзім, қара өрік банкілерін жүздеп, әлгі құрғақ сөз толтырылған банкілерді екі-үш есе көп етіп жаптық. Біз былай да жасап көрдік. Капуста, сәбіз, бұрыш қосылған салаттарды тұздаумен қатар, эмаль ыдыстарға «көреміз» «төзіндер», «уәде береміз» деген сөздерді де жауып, жия бердік, жия бердік...

Кім біледі? Қыс ұзап кетсе... Осыны сіздер де жасап көріңіздер, ағайын.



ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Бекқали деген досым айтады. Ауылдарында Айқынбай деген қырсық мінез қария бар екен. Мұның қай жері қырсық деп жүрген ғой. Бірде әлгі ақсақалдың үйіне жұмыспен барса, теледидарда судыраған жүргізуші ертеңгілік жаттығудың пайдасы, отырып-тұру, басты оңға, солға бұру туралы айтып жатса керек.

– Балам-ай, басқа каналға бұра салшы, – депті кіріп барған досыма. Ауыстырса онда «салатқа помидор турап, қаймақ құйып жеген дұрыс. Десертке лимон салып, бал қосқан шай ішіңіз. Бұл холестерині аз, әсіресе жасы келген адамдарға пайдалы» – деп жатса керек.

Сөйтсе Айқынбай ақсақал:

– Ей, жазған-ай! Болса қалай жеуді сенен сұрамас едік. Жоқ қой сол. Өшір! – депті қатқан нанмен қара шайын қозғап жатып.

«Не дерімді білмей қалдым. Расында қырсық десе, қырсық шал екен» – дейді Бекқали досым.

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРҰЛЫ

ӘДІЛЕТ РӘУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым
Меншік иесі:
"Тасс-Media" ЖШС
Директор - Бас редактор
Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ

Редакция алқасының төрағасы
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)
Редакция алқасы:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Әбдінағым КӨШЕР *(тілші)*
Қуанышбек БОТАБЕК *(тілші)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Ажар ҚАБЫЛОВА
(офис менеджері)

Мекен-жайымыз:
ОҚО,
Шымкент қаласы,
Ш.Уәлиханов к-сі
227-үй.
Байланыс үшін тел:
8 (7252) 57-65-79
8 701 394 46 46
8 702 504 67 90
E-mail:
zhangyru@mail.ru
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

Мақала жазбагерінің пікір редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК "Print Sap" баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 2000 дана. Тапсырыс - 1382.